№52
(7841)

22 желтоқсан,
Сейсенбі,
2020 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Ойыл

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930 жылдың қараша айынан бастап шығады.

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ – «МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ» МАҢЫЗДЫ МЕРЕКЕСІ

ТӘУЕЛСІЗДІК — ТҮСІНЕ БІЛГЕН АДАМҒА ЕҢ ҚАСТЕРЛІ ҰҒЫМ. «МЫҢ ӨЛІП, МЫҢ ТІРІЛГЕН» ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫМЕН ҚАРА ТАСҚА ҚАШАЛЫП, ҒАСЫРЛАР БОЙҒЫ АРМАН-ТІЛЕКТІ БОЙЫНА СІҢІРІП, ҰЛАН-ҒАЙЫР ДАЛАНЫ ҰРПАҒЫНА МИРАС ЕТКЕН ҰЛТ ҮШІН ҚАСИЕТІ МҮЛДЕМ БӨЛЕК. ТАРИХТА АЗ ТЕПЕРІШ КӨРМЕСЕ ДЕ, НАМЫСТЫҢ ТУЫН ЖЫҚПАЙ, «МӘҢГІЛІК ЕЛ» БОЛУҒА ҰМТЫЛҒАН БҮГІНГІ АЗАТ ҚАЗАҚ ЕЛІ БАБАЛАР АМАНАТЫН БИІК ҰСТАП КЕЛЕДІ.

Мемлекет үшін ең маңызды мереке – Тәуелсіздік күні Ойылда үлкен салтанатты шарамен басталды. Әрине, ауданда жыл ішінде атқарылған жұмыстардың барлығы да осы азаттықтың арқасы. Оны аға буын жақсы біледі. «Елімнің бақытын тербеткен – Тәуелсіздік» атты салтанатты шарада мерекелік баяндама жасаған аудан әкімі Асқар Қазыбаев аудан көлемінде халық игілігі үшін атқарылған жұмыстар мен мемлекеттік бағдарламалардың жемісін термелеп өтті. Одан соң әдеттегі дәстүрмен өз атынан мерекелік марапаттарын ұсынды. Яғни, аудан әкімінің алғыс хатымен «Ауданның сот жүйесіндегі қажырлы еңбегі үшін» Ойыл аудандық сотының хатшысы Алтынбек Қыдырғалиев, «Ауданның мәдениет саласын дамытуға қосқан зор үлесі үшін» Ойыл аудандық мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Индира Шегирова, «Ауданның денсаулық сақтау саласына қосқан қажырлы еңбегі үшін» Ойыл аудандық ауруханасының жедел-жәрдем көлік жүргізушісі Жолдығали Базаров, «Тәуекел – 1» шаруа қожалығының механизаторы Ерлан Құлмурзин, «Ауданымызды көркейту мен абаттандыруға қосқан қажырлы еңбегі үшін» Ойыл ауылдық округі әкімі аппаратының кіші қызметкері Айдарбек Мұханов, «Ауданның денсаулық сақтау саласындағы қажырлы еңбегі үшін» Ұлттық сараптама орталығы Ойыл аудандық бөлімшесінің дезинфекторы Әсел Атыраубаева, «Аудан тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз етудегі қажырлы еңбегі үшін» «Көкжар» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сантехнигі Данияр Мәмбеталин, «Ауданның қаржы саласындағы абыройлы еңбегі үшін» аудан әкімі аппаратының қаржы-шаруашылық бөлімінің басшысы Татьяна Караева, «Ауданның мемлекеттік қызметтегі қажырлы еңбегі үшін» «Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы Рая Базарова, «Ауданның білім саласын дамытуға қосқан зор үлесі үшін» Қарасу негізгі мектебінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әсима Дүйсенғалиева, «Аудан тұрғындарын көгілдір отынмен қамтамасыз етудегі белсенділігі үшін» «КазТрансАймақ» Акционерлік қоғамының Ойыл газ шаруашылығы мекемесінің менеджері Бектас Қайрошевтар марапатталды.

Ауданның білім саласын дамытуға қосқан зор үлесі үшін» Көсембай негізгі мектебі директорының тәрбие ісі - жөніндегі орынбасары Лунара Шутенова, «Аудан аумағындағы қауіпсіздікті сақтап, қылмыстардың алдын-алуда көрсеткен ерекше белсенділігі үшін» аудандық полиция бөлімінің кезекші бөлімшесінің аға кезекші инспекторы Манас Қостанов, «Ауданның ауыл шаруашылығы саласының өркендеуіне қосқан зор үлесі үшін»

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жоспарына сәйкес ұйымдастырылған аудандық «Латын әліпбиіне көшу – рухани жаңғырудың негізі» және «Тіл – ұлт мәдениетінің басты қазынасы» атты байқауларының жеңімпаздарына алғыс хаттарын табыстады. «Үздік стенд» номинациясына Ойыл орталық аудандық ауруханасы ие болса, «Үздік мақала» номинациясы бойынша «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің библиографы Гүлжазира Дәуленова, Жамбыл мектеп-балабақшасының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Әйгерім Кеңесова мен Ойыл аудандық ауруханасының салауатты өмір салтын қалыптастыру маманы Айгүл Майлыбаевалар марапатталды.

Санитарлық талаптар мен әлеуметтік қашықтықтар сақтала отырып өткізілген салтанатты шара аудан көркемөнерпаздарының концертімен жалғасты.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ.

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНГІ ТАРТУ – ЕКІ АУЫЛДЫҢ АУЫЗ СУЫ

16 ЖЕЛТОҚСАН КҮНІ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ОЙЫЛ СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІНЕ ҚАРАСТЫ ЕКІ АУЫЛЫ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН АУЫЗ СУ ЖЕЛІСІНЕ ҚОСЫЛДЫ. ЕКІ АУЫЛДЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ КӨПТЕН КҮТКЕН ҚУАНЫШТАРЫМЕН БӨЛІСКЕН ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ НҰРЖАУҒАН ҚАЛАУОВ ТҰРҒЫНДАРДЫ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ.

Бұл тұрғындар үшін тәуелсіздік мерекесі күнгі үлкен сый болды. Қатар жатқан Ақшатау мен Қаракемердегі өмір бойы құдықтан су тартып ішкен 140-қа тарта шаңырақ таза суға қол жеткізді.

Екі ауылға да ауыз су құбырын тарту жұмысы биылғы көктемде басталды. Қолдануға берілу мерзімі келесі жылы болатын. Алайда, мердігерлер тұрғындардың тілегі мен тапсырыс берушілермен мәмілеге келіп, жұмысты мейлінше шапшаң жүзеге асырып, ауылдан 14 шақырым жердегі алдын-ала зерттелген жер асты су қорынан тартылып отыр.

Сол күні қаракемерліктер де зор қуанышқа кенелді. Тұрғындардың көктен тілегені жерден табылғандай болды. Биылғы ақпан айында аудан әкімінің есебіне арнайы келген облыс әкімі Оңдасын Оразалинге өзінің тілегін жеткізген Гүлзипа Иманчиева тілегі осылай тез орындалады деп ойламаса керек. Сол күнгі қуаныш үстінде де ауыл тұрғындарының өтінішіне

су құбырын жыл соңына дейін іске қосып отыр. Яғни, екі ауылда да мердігерлер өздеріне жүктелген міндетті абыройлы атқарып, мереке қарсаңында барлық жұмысты толық аяқтады.

Алдымен ақшатаулықтардың қуанышына ортақ болған Нұржауған Серікұлы облыс бойынша Тәуелсіздік мерекесі күні 12 ауылдың тұрғындары осындай қуанышқа кенеліп отырғанын жеткізді. Жалпы биылғы жылы облыс бойынша 20 ауылға орталықтандырылған ауыз су құбыры жүргізілген. Оның ішінде төртеуі Ойыл ауданының еншісінде. Оның екеуі өткен қазан айында іске қосылды.

Ақшатауда ауыл тұрғындары атынан Мінсізбай Жайлыбаев 72 шаңырақта төрт жүздің үстінде тұрғыны бар шағын ауылды осындай қуанышқа кенелткен облыс әкіміне лебізін білдірсе, ақ жаулықты аналар шашу шашты. Салтанатты сәттің соңында Ақшатауға ауыз құбырын жүргізіп, халықтың алғысына бөленіп отырған «Ақпан» ЖШС-нің басшылығы ауылдағы тұрмыс төмен және көп балалы екі отбасына су ысыту құрылғысын сыйға тартты. Бір айта кетерлігі, Ақшатауға ауыз су құбыры «Аймақты дамыту» бағдарламасы арқылы 327 млн. теңгеге жүргізілді. Су құбыры құлақ асқан әкімге алғысын жаудырған ана өзінің ақ тілегін жеткізді. Ауылға суды салтанатты қосқан облыс әкімінің бірінші орынбасары Нұржауған Қалауов көп балалы отбасына облыс басшысының арнаулы сыйлығын табыстады. Мұнда да екі отбасына мердігер «Актам – Инжиниринг» ЖШС-і арнаулы су ысытқыш құрылғыны сыйға тартты. Ал, Қаракемерге 280 млн. теңгенің жұмысын жүргізуге септігі тиген – «Жұмыспен қамтудың жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы.

Екі ауылда да Нұржауған Серікұлы өркениеттің игілігін көріп отырған көп балалы отбасыларға барып, жақсылықтың жаршысы болды.

Одан соң облыс басшысының бірінші орынбасары Ойыл ауданындағы сапарын «Көкжар» коммунальдық шаруашылық кәсіпорнына авариялық қызметтер көрсететін су жаңа автокөліктің кілтін табыстаумен аяқтады.

P.S.

Сонымен биылғы төрт ауылға ауыз құбырының тартылуы, аудандағы таза су тұтынып отырған тұрғындардың санын тоқсан пайызға жеткізді.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

ЕСКЕРТУ

Аудандық «Ойыл» газетінің 2020 жылдың 12 желтоқсан, сенбі күні жарық көрген №50 санының 2-бетінде жарияланған **«Nur otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы штабы айтулы науқанға толықтай дайын» атты** мақаланың және 2020 жылдың 15 желтоқсан, сейсенбі күні жарық көрген №51 санының 2-бетінде жарияланған **«Қаракемерліктер де қолдау білдірді», «Амангелдіде «Есіктен есікке» акциясы өтті»** атты мақалалардың жариялау ақысы «Nur otan» партиясы Ақтөбе облысы Ойыл ауданының Сайлау қорының қаражатынан төленгендігін ескерулеріңізді сұраймыз!

Редакция

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ СЕССИЯСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

«20» желтоқсан 2020 жыл **№ 60** **Ойыл селосы**

Аудандық мәслихаттың кезекті елу алтыншы сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10 бабының 2 тармағына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

Алтыншы шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті елу алтыншы сессиясы 2020 жылдың 24 желтоқсаны күні сағат 11.00-де аудан әкімдігінің мәжіліс залында шақырылсын.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер енгізілсін:

1. «2021-2023 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы»

Баяндамашы: Ұлықпанов Қ.Ж. - аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы

2. Қазақстан Республикасының «Кәсіпкерлік Кодексінен» туындайтын жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудағы аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының есебі

Баяндамашы: Өскінбаев С.Т. - аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы

3. Аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық даму, бюджет, халықты әлеуметтік қорғау және аграрлық сала мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі

Хабарламашы: Нұрбаев С.М. - комиссия төрағасы

4. Басқа да мәселелер

Аудандық мәслихаттың сессия төрағасы: **Б.Е.Жұмырбаев**

Сайлау 2021

«ADAL» САЯСИ ПАРТИЯСЫ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫМЕН ТАНЫСТЫРДЫ

БҮГІН «ADAL» САЯСИ ПАРТИЯСЫНЫҢ VII СЪЕЗІ ӨТТІ. СЪЕЗДЕ ТАНЫСТЫРЫЛҒАН ҚР МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТАР ТІЗІМІ МЕН «АДАЛ» ПАРТИЯСЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫН STRATEGY2050.KZ ТІЛШІСІНІҢ МАТЕРИАЛЫНАН БІЛІҢІЗ.

Шара барысында сайлауалды бағдарламаның жобасы мен партияның интерактивті сайты жарияланды, Мәжіліс депутаттығына кандидаттардың тізімі бекітілді.

Adal» саяси партиясы саяси кеңесінің мүшесі Мұрат Қожамқұловтың айтуынша, тізімді құру кезінде «адалдықтар» өңірлік, гендерлік және басқа да тепе-теңдікті сақтауға басты назар қойған. Сөйтіп, партия атынан Мәжіліс депутаттығына үміткер 20 азаматтың есімі анықталды. Олар:

1. Серік Сұлтанғали - «Adal» партиясының төрағасы;
2. Эльдар Жұмағазиев – мемлекет және қоғам қайраткері, бірқатар білім және әлеуметтік жобалардың авторы, экономист, саясаттанушы;
3. Ардақ Назаров - белгілі спортшы, қоғам белсендісі;
4. Мақсат Толықбай - белгілі тележурналист, «Ашық алаң» тележобасының жүргізушісі, Maltabu.kz сайтының авторы;
5. Алмасбек Садырбаев - «Шопан Ата» Қазақстан қой өсірушілері қауымдастығының төрағасы;
6. Дәулет Мұқаев - тележурналист, қоғам белсендісі;
7. Олжас Ордабаев - «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы төрағасының орынбасары, білім беру саласының сарапшысы;
8. Жигули Дайрабаев - «Қазақстан фермерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті»;
9. Нұрлыбек Малелов - қаржыгер, мемлекет қайраткері;
10. Ғалымбек Жақсылықов – қоғам қайраткері, Қызылорда облысының белсенді тұрғыны;
11. Лаура Маликова – «Тәжірибелі экологтар қауымдастығының» төрағасы;
12. Игорь Шацкий – кәсіпкерлер құқығын қорғау жөніндегі сарапшы;
13. Алина Абдрахманова - бизнес-білім беру саласын басқару жөніндегі маман, сарапшы;
14. Халиола Акдрашев – кәсіпкер;
15. Ляззат Чинкисбаева - «Менің Атамекенім» әлеуметтік қорының төрағасы;
16. Мұрат Қожамқұлов – партияның Нұр-Сұлтан қалалық филиалының төрағасы;
17. Ғани Абадан - партияның Алматы қалалық филиалының төрағасы;
18. Тимур Әбдікәрімов – партияның Маңғыстау облыстық филиалының төрағасы;
19. Ақмарал Бекмұрзаева - бизнес-тренер, кәсіпкер;
20. Әнуар Керембаев – экономика сарапшысы.

Съезд барысында партия өкілдері саяси кеңес пен өңір делегаттары бекіткен сайлауалды бағдарламаның жобасымен таныстырды.

Құжат 5 негізгі бағыттан тұрады: халықтың өмір сапасын көтеру, кәсіпкерлік – дамыған мемлекеттің іргетасы, агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға басымдық беру, өңірлердің өркендеуі – қуатты мемлекет діңгегі, өмірге қолайлы мемлекет.

«ADAL» партиясының сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттары да таныстырылды. Адалдықтар басым бағытты барлық азамат үшін қолайлы өмір деп алыпты. «Адал» партиясының төрағасы Серік Сұлтанғалидің айтуынша, ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшерін қайта қарауға қол жеткізу қажет. Ол ЭЫДҰ елдерінде қабылданғандай, орташа жалақының кемінде 40 %-ын (140 мың теңге) немесе 60 мың теңгені құрауы тиіс деп есептейді. Сонымен қатар партия мүшелері ең төменгі күнкөріс деңгейін 60 мың теңгеге дейін ұлғайту және ең төменгі жалақыны ең төменгі күнкөріс деңгейіне дейін арттыруды ұсынды. Бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысын ұлғайтып, зейнетақы жарналарын төлеуге еркіндік беруді де бағдарламаға қосқан.

Бағдарламада педагогтарға ел бойынша орташа есеппен 200 мың теңге жалақы белгілеу, мектептегі білім беру бағдарламаларын қайта қарау. Қашықтықтан оқыту мен білім беру онлайн-платформаларын дамыту туралы да айтылды. Оған қоса толық тегін медициналық көмекке оралу, медицина қызметкерінің мәртебесі туралы жеке заң жобасын қабылдау, ауыл тұрғындары үшін медицинаның қолжетімділігін арттыру, отандық фарминдустрияны дамыту туралы айтты.

Съезд жұмысының екінші бөлімінде «Adal» партиясының жаңартылған сайты таныстырылды.

Adalpartiyasy.kz тек өзекті ақпараттарды жарияламайды, тіркелген пайдаланушыларға мемлекетті басқаруға тікелей қатысуға мүмкіндік береді.

Осы міндеттер үшін «ADAL» партиясы 5 сервиспен таныстырды.

Олар:

«Сіздің аймағыңыздың мәселелері». Өңірдің ең өзекті мәселелерін көруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әрбір жергілікті тұрғын осы немесе басқа мәселенің өзектілігі үшін дауыс бере алады немесе сайтта әлі айтылмаған нәрсе туралы жаза алады. Алдағы уақытта барлық өтініштер партияның өңірлік өкіліне тікелей жіберілетін болады.

«Жұмыс іздеу». Сауалнаманы толтырғаннан кейін пайдаланушыға оның ерекшелігі бойынша жұмыс ұсынылады. Егер қолайлы жұмыс табылмаса, партияның аймақтық өкілі бұл адамды жұмыспен қамту органдарына тапсырады. Сондай-ақ, партия жұмыссыз ретінде тіркелу және жәрдемақы алу тұрғысынан көмек көрсете алады.

«Сіздің аймағыңызға арналған бизнес-идеялар». Партия сарапшылары өңірлердің қажеттіліктерін талдап, ҚР әр өңірінің бизнесі үшін тауашалар тізімін жинады. Өз бизнесін ашқысы келетін пайдаланушылар негізгі бизнес-жоспарды дереу тегін жүктей алады, оны партияның аймақтық өкілдерінің көмегімен аяқтауға болады.

«Әлеуметтік лифтілер». Бұл қызмет аз қамтылған отбасыларға көмектесу үшін жасалған. Мұнда пайдаланушылар партия өкілдерінен балаларына арналған оқу орнын таңдауды сұрауға мүмкіндік алады. Сондай-ақ, мұнда қажетті көмек сұрауға болады: жатақханадағы орын, тегін оқу мүмкіндігі және т.б. аймақтық өкіл бұл мәселе туралы бірден біліп, оны шешуге көмектеседі.

«Bagdar.kz». бұл қызмет ата-аналарға баласына болашақ профессияны таңдауға көмектеседі. Бұдан басқа, сервисте 694 мамандық бойынша ақпарат, кәсіптің егжей-тегжейлі сипаттамасы, жұмыс ерекшеліктері және т. б. бар 500 профессиограмма ұсынылған.

Естеріңізде болса, «Адал» партиясы 2013 жылы «Бірлік» партиясы болып құрылған. Ресми тіркелген Қазақстандағы 6 партияның біреуі.

Мемлекет басшысының Жарлығымен 2021 жылы 10 қаңтарда ҚР Мәжілісіне депуттарды сайлау болады. 30 қарашаға дейін саяси партиялар кандидаттар тізімін жариялауы тиіс. Ал мәслихатқа үміткер ұсыну кезеңі 4 желтоқсанға дейін жалғаспақ.

Айнара БАЙЖАН.

ADAL ПАРТИЯСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ ТӨРТ ӨҢІРДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІМЕН ТАНЫСТЫ

Мәжіліс депутаттығына кандидаттармен және партия өкілдерімен кездесу кезінде Қазақстан өңірлерінің тұрғындары халықты толғандыратын көптеген мәселелерді айтты. Кандидаттар жұмысын Батыс Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Қарағанды өңірлерінде жалғастырды. Атап айтқанда, Орал қаласында ADAL партиясынан Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидаттар қалалықтармен кездесті. Саясаттанушы Эльдар Жұмағазиев, сарапшылар Игорь Шацкий мен Алина Асқарова, партия хатшысы Нұрлыбек Мұқановтар халықпен жүздесті. Қазақстандық инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінде өткен кездесуде партия өкілдері ADAL сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттары туралы айтып берді. Сонымен қатар Игорь Шацкий әлеуметтік мәселелерді көтерді. Атап айтқанда, ол партияның ең төменгі күнкөріс деңгейін арттыруды, 7 баласы бар отбасылар үшін тегін тұрғын үй беруді және бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысын көтеруді жақтайтынын айтты. Тұрғындар жолдардың сапасына, мектептер мен қоғамдық көліктің жетіспеушілігі, сумен жабдықтау және экология мәселелеріне шағымданды. Тұрғындардың бірі су арналарының тозығы жеткенін және Жайық өзенінің суы тартылып бара жатқанын атап көрсетті. «Өзен экологиясы мәселесі тек БҚО-да ғана емес, ел аумағында бар. Республикадағы барлық судың 44% шетелден келеді. Егер біз халықтың стратегиялық мәселелері туралы айтатын болсақ, онда кей дүниелерде қаталдық таныту қажеттігін ескертер едік. Бұл мәселе Сыртқы істер министрлігі деңгейінде шешілу керек деп санаймыз. Сондықтан олардың жауапкершілігін күшейтуді ұсынамыз. Сонымен қатар, жер асты су көздерінен пайдаланатын уақыт келді. Өйткені, облыста су жетіспейді», – дейді депутаттыққа кандидат Эльдар Жұмағазиев. ADAL партиясы жетекшілерінің айтуынша, бар проблема тек азаматтардың өздері ғана емес, билік те мүдделі болған жағдайда ғана шешіледі. Алматы облысының тұрғындарын сумен жабдықтау, тұрғын үй алу, сондай-ақ бизнесті қолдау мәселелері толғандырады. Бұл туралы олар Мәжіліске депутаттыққа кандидат Лаззат Чинкисбаевамен кездесу кезінде айтты. Талғар кентінің тұрғыны Ермек Назаров жер мәселесін айтты. «Мен бизнес аша алмадым. Өйткені жер алу өте қиын, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге тиісті қолдау жоқ. Тиімді шарттар бойынша несие алу қиын», – деді ол. «Біз құдықтан су алып жүруден шаршадық. Өмір сүру деңгейіміздің қазіргі жағдайдан әлдеқайда жоғары болғанын қалаймыз», – деді кездесу барысында талғарлықтар. Өз кезегінде Лаззат Чинкисбаева: «Мен партия өкілі ретінде ашық диалог пен тұрақты кері байланыс негізінде тұрғындардың, бизнес пен биліктің тиімді өзара іс-қимылын қолдайтынымызға сендіремін. Біз әрбір өтінішті аяқсыз қалдырмай, сіздермен бірге әділ шешімге қол жеткізетін боламыз. Мұндай жұмысты біз үнемі жүргізіп отырамыз», – деді. Жамбыл облысы Тараз қаласының тұрғындарымен ADAL партиясынан Мәжіліс депутаттығына кандидат Мақсат Толықбай мен Алмасбек Садырбаевтың қатысуымен кездесу өтті. Тұрғындардың баспана алу шарттарын жеңілдетуге қатысты сұрақтарға жауап берген Мақсат Толықбай ADAL партиясы барлық кезекте тұрғандар бойынша бастапқы жарнаға тұрғын үй сертификатын көбейту есебінен ипотеканы қолжетімді ету мәселесін айтты. Мәжіліс депутаттығына кандидат Олжас Ордабаев пен Ақмарал Бекмұрзаевамен кездесу барысында Қарағанды облысының тұрғындары да өздерін толғандыратын мәселені айтып берді. Мәселен, Қарқаралы ауданының тұрғындары жергілікті ауруханада мамандардың жетіспеушілігінен халықтың зардап шегетінін жеткізді. Эндокринологқа жазылу үшін олар бірнеше апта бойы кезек күтуге немесе Қарағанды қаласынан ақылы қызмет алуға мәжбүр екен. «Бізге мамандар тұрғын үй мен жағдайдың жоқтығынан жұмыс істеуге келмейді. Мен көп балалы анамын, алты балам бар. Эндокринологқа жазылуым үшін порталға тұрып, сосын бірнеше апта күтуім керек. Сондықтан Қарағандыға екі жүз шақырым жол жүруге және онда тексеруден ақылы өтуге мәжбүрмін», – деп шағымданды жергілікті тұрғын Самал Жаңабекова. «Сондай-ақ, біздің қалада автобустар жоқ, адамдар такси қызметін пайдалануға мәжбүр, жолдар жағдайы мәз емес. Қарқаралының өзінде жолдар тазаланбайды, тротуарлар жоқ, жаяу жүргіншілер өткелдері болған емес», – деп шағымданды тұрғын Айсұлу Ахат. Қарқаралы ауданының осы жылға арналған бюджеті – 12,8 миллиард теңге. Қаражаттың негізгі үлесі білім беру жүйесіне жұмсалады, ТКШ саласына 16 пайызы жоспарланады, ал денсаулық сақтауға бар болғаны 5 пайыз бөлінеді екен. «Қазақстан тұрғындары сапалы медициналық көмек алуға лайық. Бұл үшін, ең алдымен, дәрігерлерге жағдай жасау керек. Олардың жалақысын көтеру, тұрғын үймен қамтамасыз ету аса маңызды. Мұның бәрі партиямыздың бағдарламасында жазылған. Біз дәрігерлердің орташа жалақысы 200 мың теңгеге жеткені дұрыс деп санаймыз. Кезекте тұрғандар үшін ипотека бойынша бастапқы жарнаға тұрғын үй сертификаттарын көбейту есебінен, ал әлеуметтік тұрмысы нашар отбасылар үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен ипотеканы қолжетімді етуді ұсынамыз», – деді Олжас Ордабаев. Сондай-ақ, спикер азаматтарды бюджет қаражатын басқаруға, оларды аудан проблемаларының өзектілігіне қарай бөлуге ықпал етуге шақырды. Ол үшін тұрғындардың өз өтініші мен шағымын ADAL партиясының сайтына жіберіп, қандай да бір мәселеге дауыс беруі тиіс. «Біз бағдарламамызды жоғарыдан төменге емес, керісінше тұрғындардың проблемаларына сүйене отырып жасадық. Бұл біз үшін үлкен жұмыс. Біздің міндетіміз – әрбір қазақстандықтың өмірін жақсарту», – деп атап өтті Олжас Ордабаев.

Анар ЛЕПЕСОВА.

Сайлау 2021

«АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ САЙЛАУАЛДЫ ШТАБЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Айта кетейік, 2020 жылдың 3 қарашасында республикалық және партияның барлық филиалдарында осындай аймақтық штабтар құрылды. Республикалық штабтың басшысы – Азат Перуашев, ал Болат Өтепбаев пен Айгүл Жұмабаева орынбасарлары болып тағайындалды. Штабқа орталық аппараттың барлық жауапты қызметкерлері кірді. Сайлау алдындағы құрылтайдан кейін штаб құрамына партиялық тізімдегі кандидаттар да енгізілді.

Отырыс барысында Азат Перуашев штабтың қазіргі ұйымдастырушылық жұ-мысы туралы айтып берді. БАҚ-пен келісім-шарттар жасалып, үгіт-насихат материалдарының жеткілікті саны дайындалып, басып шығарылды және ел өңірлерінде 317 баннер орнатылды.

«Іс-шаралардың желілік кестесі эпидемиологиялық жағдайға байланысты апта сайын жаңартылып, түзетіліп отырады. Қазіргі уақытта сенімді тұлғалардың тізімін тіркеу бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде, кеше штаб осы мәселе бойынша кеңес өткізді», – деп атап өтті ол.

Азат Перуашев әріптестерін үгіт-насихат шараларын жүргізу кезінде бас санитарлық дәрігердің барлық нұсқауларын мүлтіксіз сақтауға шақырды.

«АҚЖОЛДЫҚТАР»: БІЗДІҢ БАСТЫ МІНДЕТІМІЗ – БИЗНЕС МҮДДЕСІН ҚОРҒАУ

БҰЛ ТУРАЛЫ «АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ҮГІТ-НАСИХАТ ТОБЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ КӨКШЕТАУ ҚАЛАСЫНДАҒЫ САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА МӘЛІМДЕДІ. МӘЖІЛІС ПЕН МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ПАРТИЯ ӨКІЛДЕРІ, ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛДЫҢ АКТИВІ ҚАЛАДАҒЫ АВТОКӨЛІК САТАТЫН ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІН ЖЕТЕКШІ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ БІРІНДЕ БОЛЫП ҚАЙТТЫ.

Партиялықтар компанияның жұмыс барысымен танысты. «Фаворит моторс» ЖШС жанынан автосалон мен көлік жуу орталығы ашылған. Мұнда сервистік қызметтер көрсетіледі, аккумулятор орталығы жұмыс істейді. Сөрелерден негізінен, отандық тауарларды көре аласыз. Жалпы серіктестік 60-қа жуық адамды жұмыспен қамтып отыр.

«Ақжолдықтар» сайлауалды тұғырнама және партия қызметі туралы айтып, мәселелер мен тілектерді тыңдады.

Кәсіпорын қызметкерлері белгілі бір қиындықтарға шағымданды. Олардың айтуынша, пандемияға қарамастан, олар бұл жерде штаттық режимді сақтай алды. Алайда, коронакризис ұсынылатын қызмет көлеміне әсер етті – олардың деңгейі төмендеді. Партия мүшелерінің айтуынша, ШОБ мәселелері оларға жақсы таныс. Себебі бизнес мүдделерін қорғау – партияның негізгі міндеті.

«Қазақстандық қоғамның тұрақтылығы экономиканың осы секторының дамуына байланысты. Біз өз бағдарламамызда отандық бизнесті қолдау үшін нақты ұсыныстарды атап көрсеттік», – деп мәлімдеді Меруерт Қазбекова. «Ақ жол» партиясының бастамаларының ішінде: салықтық рақымшылық, ШОБ-ты ҚҚС, КТС төлеуден және төлем қабілеттілігі толық қалпына келгенше мүлік салығынан босату, микробизнес пен «өзін-өзі жұмыспен қамтыған» халықты салықтан толық босату бар.

«Ақ жол» партиясында мұндай адамдарға жұмыс істегені, мемлекеттен көмек күтіп, алақан жайып отырмағаны үшін және отбасыларын асырағаны үшін алғыс айту керек деп санайды.

Осы күні-ақ партия мүшелері «Алуа-Строй» кәсіпорнының жұмысшыларымен кездесті. Кездесу 9 қабатты үйдің құрылыс алаңында өтті. Нысанды 2021 жылдың көктемінде пайдалануға беру жоспарлануда – жүзден астам отбасы өз үйлеріне кіретін

«Ақжолдықтар» қалаға көшетін ауыл жастарын қолдау бойынша партияның ұсыныстары туралы айтты. Ол үшін әкімдіктер шағын өндірістерге, білім беру мекемелеріне және әлеуметтік инфрақұрылымға арналған үй-жайлары бар ықшам әлеуметтік тұрғын үйлерді жаппай салуға тиіс.

«Мұндай тұрғын үй қарапайым және арзан болуы керек, сондықтан жастардың қалада бейімделуіне, білім алуына және жұмыс істеуіне – аяғына тұрып, өздерін ыңғайлы жағдайлармен қамтамасыз етуге деген ынтасы болуы керек», – делінген «Ақ жол» бағдарламасында.

Сонымен қатар, жас отбасыларды ынталандыру және бала тууды арттыру үшін «Ақ жол» демократиялық партиясы 2013 жылдан бастап жас отбасылар үшін әр бала туған кезде 25% мөлшерінде ипотекалық кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялауды енгізуді табанды түрде ұсынады. Содан кейін екінші бала туған кезде мемлекет ипотеканың 50%-ын субсидиялауы, ал төртінші бала туған кезде мұндай отбасы ипотеканы 0%-ға дейін төмендете отырып, көп балалы санатқа ауыстырылуы тиіс деп ұсынылады.

«Бүгінде үкіметтік бағдарламалар көпбалалы отбасыларға бағытталған. Бірақ ешқандай отбасы бірден үлкен болып кетпейді. Әрбір баланың дүниеге келуіне жастарды кезең-кезеңімен ынталандыру керек», – деп филиал басшысы Борис Мельников Бағдарламаның ережелерін келтіріп, болғалы жатқан сайлауда жерлестерін «Ақ жол» партиясына өз дауыс беруге шақырды.

Көкшетау кәсіпорындарының қызметкерлері «Ақ жол» партиясының сайлауалды бастамаларына қолдау білдіріп, өз шағымдарын айтты.

«Ақ жол» демократиялық партиясының үгіт-насихат шаралары жалғасуда.

«АҚ ЖОЛ» ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫНЫҢ ҮГІТ-НАСИХАТ ТОБЫ АҚТӨБЕДЕ КЕЗДЕСУЛЕР ӨТКІЗДІ

«АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫ ҰСЫНҒАН ЖАС ОТБАСЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ИПОТЕКАНЫ СУБСИДИЯЛАУ ЖҮЙЕСІН САЙЛАУШЫЛАР ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛЕТТІ ДЕП БАҒАЛАДЫ. «АҚ ЖОЛ» ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫНЫҢ ҮГІТ-НАСИХАТ ТОБЫ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛЕРІ МЕН ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ.

Ақтөбе өңірінен алдағы сайлауда «Ақ жол» партиясынан облыстық, қалалық және аудандық мәслихаттарға кандидаттар ұсынылды. Облыс өкілдері Мәжіліс депутаттығына кандидаттар партиялық тізімінде де бар. Алғаш рет барлық аудандық мәслихаттарға партия филиалынан 3 үміткерден, облыстық мәслихатқа 6 және қалалық мәслихаттарға 7 үміткер ұсынылды.

Кездесу барысында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Дания Еспаева қатысушыларды партияның сайлауалды бағдарламасымен таныстырды. Бағдарламаның бизнесті қолдауға және әлеуметтік салаға қатысты бағыттары сайлаушылардың ерекше қызығушылығын тудырды. Кәсіпкерлер бизнеске арналған несиелер бойынша пайыздарды төмендету жөніндегі «Ақ жол» ұсынған шаралардың өзектілігін атап өтті.

Ақтөбе облыстық филиалының төрағасы, облыстық мәслихат депутаты Асқар Садықов «Ақ жол» ҚДП алдағы уақытта да Қазақстанның ұлттық мүддесіне қызмет етіп, демократияны нығайтуға, бизнесті қолдауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ететіндігін мәлімдеді.

Әңгіме барысында тұрғындар жас отбасыларға арналған ипотекалық бағдарламаның жоқтығын атап өтті. Сондықтан партия ұсынған жас отбасылар үшін ипотекалық несие бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау жүйесінің әр баланың туылуына қарай 25% пайыздық мөлшерін жабуды – әлеуметтік әділ деп бағалады.

Бүгінде үкіметтік бағдарламалар көпбалалы отбасыларға бағытталған. Бірақ ешқандай отбасы бірден үлкен болмайды. Жастарды әрбір кезекті баланың дүниеге келуіне кезең-кезеңімен ынталандыру керек. «Ақ жол» партиясы 2012 жылдан бері мынадай ұсыныс жасап келеді: 1-ші бала туған кезде 25%-ға және одан әрі әрбір келесі баланың туу кезінде ұлғаятын болса, онда екінші бала туған кезде мемлекет ипотеканың 50% субсидиялайды, ал 4-ші бала туған кезде мұндай отбасы ипотеканы 0% дейін төмендете отырып, көп балалы отбасылар санатына ауыстырылады» – деп атап өтті Д.Еспаева.

Кездесуге қатысқандар Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (ӘМСҚ) жұмысының тиімділігі мәселелерін көтерді. Олардың пікірінше, арнайы қор құрумен қызмет көрсету және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің сапасы жақсармағанын жеткізді. Осылайша, олар партияның жеке шоттар туралы бастамасын толығымен қолдады. Кездесуге қатысушылардың бірі-бұрынғы ауған жауынгері ӘМСҚ жүйесіне көшкеннен бері арзан және тиімсіз дәрі-дәрмектердің ұсынылуына наразылығын білдірді.

«Әрбір азаматқа қорда оның жеке шоты бекітілуі тиіс, онда оның төлемдері есепке алынады және салымшының өзінің немесе оның жақындарының келісімі бойынша ғана оның емделгені үшін ақша төленуі мүмкін. Сапасыз ем жасалған немесе нашар қарым-қатынас жағдайларында-тұтынушының мұндай қызметтерге ақы төлеуден бас тартуға құқығы болуы тиіс. Сонымен қатар, Қордың өзі салымшылардың алатын медициналық қызметтерінің сапасын бақылауға және пациенттердің шағымдары бойынша тұрақты жұмыс жүргізуге (қажетті шаралар қабылдауға) міндетті.

Сонда ғана емдеу мекемелерінің қызметкерлері өз міндеттеріне мұқият қарайтын болады, ал адал медицина қызметкерлері олардың ауыр еңбегіне лайықтыеңбекақы алатын болады» делінген «Ақ жол» партиясының сайлауалды бағдарламасында.

Үгіт-насихат тобының мүшелері сұрақтарға жауап беріп, сайлаушыларға олардың мүдделерін қорғау жөніндегі жұмыстарды жалғастыра беретініне сендіріп, аймақтағы кәсіпкерлер мен қаржыгерлерді «Ақ жол» үшін дауыс беруге шақырды.

Сайлау 2021

«АУЫЛДЫҚТАР АТҚА ҚОНДЫ, ҚОЛДАЙЫҚ!»

2020 жылғы 11 желтоқсан күні Түркістан облысы Қазығұрт тауының етегіндегі «Кеме қалған»алаңында «Ауылдықтар атқа қонды, қолдайық!» атты акциясы өткізіліп, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихат депутаттарын сайлау науқанының символикалық түрде басталғанын паш етті.

Іс-шараға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттар: Т.С.Рахимбеков, К. К. Айтуғанов, Б. Төлеген, З. А. Әліпбеков, Д. Көпұлы, К. А. Аралбекова, Н. Г. Арсютин, А. А. Сатыбалдин, Д. К. Қуатов және Б. Д. Қыстауов қатысты.

«Ауыл» партиясының төрағасы Әли Бектаев, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидат Қарлығаш Аралбекова, Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидат, ақын және жазушы Дәулеткерей Қапұлы құттықтау сөз сөйледі.

«Аңыз бойынша, адамзатты су тасқынынан құтқарған Нұх кемесі осы жерге тоқтады. Адамзат баласының өсіп-өнуі дәл осы жерден бастау алады. Сондықтан қасиетті Қазығұрт жерін жаңғыру және жаңару мекені деп атауға болады. Сол себепті «Ауыл» партиясы өзінің үгіт-насихат науқанын осы жерден бастауды ұйғарды. «Атқа қону» ұғымы халқымыздың мүдделерін қорғау үшін күш жұмылдыруды білдіреді. Атқа қонғандар жақсылықтың жаршысы, партияның жоспарлары мен ұсыныстарының хабаршысы болады. Сондықтан барлық кандидаттардың бірінші кезектегі міндеті партияның сайлауалды бағдарламасын әрбір ауылға, әрбір қазақстандыққа жеткізу» - деп атап өтті Ә. Бектаев.

Ақсақалдардың атынан мемлекет және қоғам қайраткері, «Ауыл» партиясының Түркістан облысы бойынша өңірлік филиалының басшысы Исмат Тұрсынқұлұлы тілек білдірді.

Қазақстандық эстрада өкілдері - Жұбаныш Жексенұлы, Мейрамкүл Тантабаева, Бәкір Бектұров, «Мегаполис» триосы, Павел Ким ауыл жайлы, Отанға деген сүйіспеншілік туралы әндер шырқады.

Іс-шара «Ауылдықтар атқа қонды» шеруімен аяқталды.

Осы ұранмен 10.12.2020 ж. сағ. 18.15-те Нұр-Сұлтан қаласында «Ауыл»ХДПП республикалық қоғамдық штабының ашылу салтанаты өтті.

Ашылу салтанатына ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттар З.Әліпбек, Д.Көпұлы, Б.Төлеген, А.Саттаров, А.Кукеева қатысты.

«Ауыл» партиясынан ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттар, сондай-ақ 17 өңірлік штабтың қызметкерлері онлайн режимінде қатысты.

«Ауыл» ХДПП төрағасы Ә.Бектаев кіріспе сөз айтып, үгіт-насихат науқанның негізгі акценттерін атап өтті.

Республикалық қоғамдық штабтың басшысы Т.С. Рахымбеков штабтың дайындығы туралы баяндады. Орталық сайлау комиссиясы мен аумақтық сайлау комиссияларында «Ауыл» партиясының партиялық тізімі бойынша, оған барлығы 625 адам депутаттыққа кандидат ретінде ресми тіркелді, оның ішінде ҚР Парламент Мәжілісіне-19 адам, облыстар мен республикалық маңызы бар Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларына – 98 адам, облыстық маңызы бар аудандық және қалалық қалаларға – 508 адам. Үгіт-насихат науқанына 14 облыс орталығы мен республикалық маңызы бар 3 қалада 17 өңірлік штаб өз жұмысын бастады. Сонымен қатар, әр аудан орталығында аумақтық штабтар ашылды.

Партия ашылу салтанатында сайлауалды бағдарламасымен таныстырды. *(Бағдарламаның толық мәтінімен «Ауыл» партиясының ресми сайтында және әлеуметтік желілердегі парақшаларында танысуға болады)*

Үгіт-насихат науқаны кезінде онлайн режимінде өңірлерде сайлаушылармен кездесулер, акциялар, дебаттар, флэшмобтар өткізіледі. Әр түрлі деңгейдегі депутаттыққа кандидаттар «Ауылдан ауылға» акциясы шеңберінде шалғай ауылды қамти отырып, әрбір ауыл тұрғынымен кездеседі және үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді.

Пандемияға байланысты үгіт-насихат кезеңінде сайлау заңнамасының талаптарын және санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды қатаң сақтау қажеттігі өңірлерге ескертілді. Штабтың ашылу салтанатынан

Facebook-тегі ресми аккаунтында БАҚ өкілдері үшін онлайн көрсетілім ұйымдастырылды.

«АУЫЛДАН АУЫЛҒА» АКЦИЯСЫ

Еліміздің барлық аймақтарында «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясының - «Ауылдан ауылға» акциясы басталды. Іс-шараға «Ауыл» партиясынан Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің, облыстық, облыстық мәслихаттар депутаттығына кандидаттар қатысты. Акция барысында депутаттыққа кандидаттар мен партия жетекшілері ауылдық жерлерді аралап, ауыл тұрғындарымен үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді. Жамбыл облысында «Ауыл» партиясының «Ауылдан ауылға» республикалық акциясы бастау алды. Республиканың барлық аймағында болып, партияның сайлауалды бағдарламасын тұрғындарға түсіндіріп, насихаттауды мақсат тұтқан айтулы акцияға еліміздің Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттар Қарлығаш Аралбекова мен Нұржігіт Бегалы, сондай-ақ Жамбыл облысының барлық деңгейдегі мәслихаттарының депутаттығына ұсынылып жатқан кандидаттар қатысты. Жалпы соңғы 10 жылға дейінгі уақытта ел аумағында 7 мыңнан аса елді мекен болса, бүгінде алты жарым мыңнан аз ауыл қалған. Жергілікті жерде жұмыссыздық пен жағдайдың жоқтығынан ауыл тұрғындарына қалаларға үдере көшуге тура келген. Сол себепті урбанизация қарқынының артуы көрініс беріп отыр. Қарлығаш Аралбекова бұл мәселе өте алаңдатып отырған күрделі құбылыс екенін айтады. – Ауыл тұрғындары амалдың жоқтығынан қалаға көшуде. Бұл үлкен проблема. Мұны шешудің жолы – қысқарып кеткен ауылдарымызды қайта құрып, дамуы үшін күш салу. Ауыл еңбеккерлерінің табысы мен әлеуметтік қолжетімділіктерді қалалықтармен теңестіру керек. Емдеу мекемелері, балабақшалар, мектеп және спорт ғимараттарын қолжетімді ету, сапалы жол, орталықтандырылған таза ауыз су мен газ жүйесін жетілдіру – әрбіріміздің негізгі тамырымызға деген құрметіміз болар еді, - дед Қ.Әмірқызы. Осылайша бастау алған акция облыс орталығынан ауылдарға аттанды. Іргелес жатқан Байзақ ауданының Қызыл жұлдыз ауылы тұрғындарымен кездесу өткізді. Үміткерлер әрбіріміздің жүрегімізде ауылға деген сағынышпен қатар алаңдаушылық бар екенін жасырмады. А

уылды қолдап, көтеретін кез келгенін, сол үшін еңбек етуге әзір екендіктерін жеткізді. Кездесу соңында ауыл тұрғындары сәттілік тілеп, кандидаттар өз елді мекендерге аттанды. Жалпы Жамбыл облысындаға 10 ауданда 400-ге тарта ауыл бар. «Ауылдықтар» барлық елді мекенді қамтуды көздеп отыр.

Сайлау 2021

ҮГІТ-НАСИХАТ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ ПАРТИЯСЫ

ІСКЕ БЕЛСЕНЕ КІРІСТІ



Қазақстанның Халық партиясы 11 желтоқсанда Нұр-Сұлтан қаласында өзінің сайлауалды штабын таныстырды. Партия БАҚ-қа өзінің бағдарламасын ұсынды, алдағы жоспарлары туралы айтып, үгіт-насихат өнімдерін – баннерлер, плакаттар мен парақшаларын көрсетті. Қазақстан Халық партиясы төрағасы, ҚХП парламенттік фракциясының жетекшісі, Мәжіліс депутаты Айқын Қоңыров журналистерге партияның негізгі идеяларын баяндады. ҚКХП ОК хатшысы, Мәжіліс депутаты Жамбыл Ахметбеков пен ҚКП Республикалық сайлауалды штабының басшысы Олжас Сыздықов тілшілерге партияның өңірлердегі жұмысы және Мәжіліс пен мәслихаттарға кандидаттарды іріктеудің қалай жүргізілгені туралы айтып берді. – Қазақстанның әрбір өңірінде облыстық және қалалық филиалдар бар, – деп түсіндірді Сыздықов. – Олар партияның халықпен кері байланысын үнемі қамтамасыз етіп отырады. Сайлау күні жарияланғаннан кейін партия бірден белсенді түрде дайындала бастады. Кейін аймақтық филиалдардың, облыстық және қалалық партия комитеттерінің базасында сайлауалды штабтар ұйымдастырылды. Үгіт-насихат кезеңі ресми жарияланғаннан кейін белсенді түрде іске кірісті. Қазір барлық облыс орталықтары мен қазақстандық мегаполистерде партиялықтар баннерлер іліп, парақшалар мен ақпараттық материалдарды жариялап жатыр. Сонымен қатар әлеуметтік желілер арқылы да үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп жатыр. Партия Facebook-те «Государство должно» хэштегімен виртуалды митинг, ал Telegram арнасында өзекті мәселелер бойынша онлайн-референдум өткізді. Сайлауға аз уақыт қалды. Мұны еске салу үшін партияның Республикалық сайлауалды штабында арнайы күнтізбе орнатылған.

Анар ЛЕПЕСОВА.

ҚХП: БІЛІМ БЕРУ БАРША ҚАЗАҚСТАНДЫҚҚА ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛУЫ КЕРЕК

АЛМАТЫДА ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ПАРТИЯ-СЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ ҚАЛАДАҒЫ ОРТА МЕКТЕП-ТЕРДІҢ, СОНДАЙ-АҚ КОЛЛЕДЖДЕР МЕН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГ-ТАРЫМЕН ЖӘНЕ ОҚЫТУШЫЛАРЫМЕН «ТӘУЕЛСІЗДІК. МЕМЛЕКЕТ. ӘЛЕУЕТ.» ТАҚЫРЫБЫНДА КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ. ДӨҢ-ГЕЛЕК ҮСТЕЛГЕ ҚАТЫУШЫЛАР САПАЛЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БОЛМАСА, ЕЛДІ БОЛАШАҒЫ БҰЛЫҢҒЫР ЕКЕНІНЕ КӨЗ ЖЕТКІЗДІ. ҚХП ӨКІЛДЕРІНІҢ ПІКІРІНШЕ, ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ ПРОБЛЕМАСЫ – ОНЫҢ ҚОЛЖЕТІМСІЗДІГІ. ТЕОРИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН АЛҒАНДА БІЗДІҢ ЕЛДЕ БАРЛЫҒЫНА ТЕГІН ОРТА БІЛІМГЕ КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН. АЛАЙДА КЕЙ ЖЕРЛЕРДЕ САПАЛЫ БІЛІМ ТЕК ЭЛИТА ӨКІЛДЕРІНЕ ҒАНА АРНАЛҒАНДАЙ.

Мұндай мектептерге қабылдау басқа критерийлер бойынша жүргізілуі керек! – деді ҚХП өкілі. НЗМ оқушысы атану үшін жас үміткерлер белгілі бір емтихандардан өтуі тиіс. Олар тек талант пен қабілеттерді емес, оқылған, үйренген материалдың көлемін ғана ескереді. Яғни, аса бір жақсы бағасы жоқ, бірақ өте дарынды балалардың жолы ашылмай қалады.

– Егер ата-ананың мұғалімдерді жалдауға мүмкіндігі болмаса, егер ол қандайда бір пән оқытылмайтын ауылдық мектепте оқитын болса, онда мұндай баланың данышпан болса да, НЗМ-ге түсуге мүмкіндігі жоқ. Мұндай қадам мемлекеттің дамуына сөзсіз кері әсер етеді. Әрбір бала жақсы, сапалы білім алуға құқылы! – деді Әлібек Шапенов. Түптеп келгенде тиісті мамандар даярланып жатқандай. Бірақ нәтиже жоқ. Демек, мұндай тәсіл елдің болашағына, ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіреді.

– Жоғары оқу орындарының сапасыз кадрлар шоғырын қалыптастырып отырғаны да сондықтан, – дейді ол. ҚХП жағдайды жақсарту үшін не ұсынып отыр? Ең алдымен білім беруді сапалы, тегін және ел халқының барлық санаттары үшін қолжетімді ету керек. – Білім беру – мемлекеттің жүйе құраушы институты. Сапалы және қолжетімді білімге инвестиция құю – бұл Қазақстанның адами капиталына құйылған инвестиция, – дейді партиялықтар.

– Мейлі ол қалада немесе ауылда тұрсын, әр бала, мектептің әр түлегі өздері қалаған білімге қол жеткізуі керек, – деді ҚХП Алматы қалалық филиалының жетекшісі Әлібек Шапенов. Өкінішке қарай, қазір Қазақстандағы білім ең дарынды балаларға емес, дайындығы жоғары балаларға бағытталған. Яғни, ата-аналары репетиторларға ақша аямаған балаларға ғана арналғандай. Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларға дәл осындай қағидат бойынша таңдау жасайды.

– НЗМ-да білім алу дарынды балалардың бәріне қолжетімді болуы керек. Ондағы білім де салық төлеушілер есебінен жүзеге асырылуда.

Анар ЛЕПЕСОВА.

ҚХП ДӘРІГЕРЛЕР ҮШІН ӘЛЕУМЕТТІК КЕПІЛДІКТЕРДІ АРТТЫРУҒА МҮДДЕЛІ

Қазақстан Халық партиясының өкілдері Ақмола облыстық ауруханасының қызметкерлерімен кездесті. Басқосуда Қазақстан Халық партиясы бағдарламасының тезистері түсіндірілді. Медицина қызметкерлерінің әлеуметтік кепілдіктеріне басымдық берілген ҚХП-ның сайлауалды жобасы таныстырылды. Спикер ретінде ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Айқын Ойратұлы Қоңыров, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидат Олжас Тұрғынұлы Сыздықов қатысты. Кездесуде аурухананы техникалық жабдықтау, медицина қызметкерлерінің жұмыс кестесі, қызметкерлердің жалақысы, біліктілік талаптары, дәрігерлер үшін әлеуметтік кепілдіктерді арттыру мәселелері көтерілді. Спикерлер шара барысында ұжым өкілдері тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді. ҚХП отандық медицина деңгейін, халыққа қызмет көрсету сапасын арттыру және осы салада жұмыс істейтін қызметкерлердің мәртебесін өсіру үшін қажетті шаралардың бәрін қабылдап, қолдануға ниетті. Медицина қызметкерлері ҚХП-ның сайлауалды жобасын қызығушылықпен тыңдап, жарияланған бастамаларға қолдау білдірді. Кездесу Қазақстан Халық партиясының үгіт-насихат науқаны аясында ұйымдастырылды. ҚХП-ның сайлау алдындағы жұмысы еліміздің барлық өңірінде жалғасуда және ол сайлаушыларды, еңбек ұжымдары кеңінен қамтымақ.

Анар ЛЕПЕСОВА.

СЫРЫМ САРДАРДЫҢ СЕРІКТЕРІ

ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ОРЫС ОТАРШЫЛДЫҒЫНА ҚАРСЫ ТҰҢҒЫШ АЗАТТЫҚ КҮРЕСІНІҢ ТАРИХЫН ШОЛҒАНДА ҚАПЕРГЕ АЛАР БІР МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ БАР, ОЛ – СЫРЫМ БАБА СЕРІКТЕРІНІҢ – ҰЛЫ КҮРЕСТІҢ БАСҚА ДА БЕЛДІ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРЫ МЕН ҚАҺАРМАНДАРЫНЫҢ БҮГІНГЕ ДЕЙІН НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛЫП КЕЛУІ. ОЛАРДЫҢ ЕСІМДЕРІ ТІПТІ КЕЗІНДЕ БІРЕГЕЙ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕК БОЛҒАН ҚАЗАҚ СОВЕТ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫНЫҢ ОН ТӨРТ ТОМЫНДА ДА КӨРСЕТІЛМЕЙ ҚАЛДЫ, АЛ, «ҚАЗАҚСТАН» ҰЛТТЫҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫНДА ТАМ-ТҰМДАП ҒАНА ЖАЗЫЛЫПТЫ. БІЗДІҢ 1996 ЖЫЛДАН БЕРІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «АТАМЕКЕН», «ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫ» ГАЗЕТТЕРІНДЕ, ОБЛЫСТЫҚ «АТЫРАУ» ЖӘНЕ БІРНЕШЕ АУДАНДЫҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛАРДА, КЕЙБІР КІТАПТАРДА ЖАРИЯЛАҒАН МАҚАЛАЛАРЫМЫЗДЫҢ ЖЕТКІЛІКСІЗ БОЛАТЫНДЫҒЫ ТҮСІНІКТІ. БҰЛ РЕТТЕ ТУЫСҚАН БАШҚҰРТ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАТЫРЫ САЛАУАТ ЮЛАЙДЫҢ ЖАУЫНГЕР ЖОЛДАСТАРЫ ТУРАЛЫ ӘЛДЕНЕШЕ КІТАПТАР ЖАЗЫЛҒАНДЫҒЫ ҮЛГІ ЕТСЕК БОЛАР ЕДІ. СОНДЫҚТАН ДА, БҰЛ МӘСЕЛЕГЕ АЙРЫҚША КӨҢІЛ БӨЛУ ҚАЖЕТ-АҚ. БОЛАШАҚТА МҰНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРСАҚ ҰЛТТЫҚ ТАРИХЫМЫЗ БЕН АРДАҚТЫЛАРЫМЫЗДЫ ҰЛЫҚТАУДЫҢ ТАҒЫ БІР ТАМАША КӨРІНІСІ БОЛАР ЕДІ-АУ.



Қозғалыстың басшылығында **Сегізбай, Басығара, Қаратау, Тұрмәмбет, Көккөз, Қаракөбек, Сыпыра, Құлжабай, Тілеу** сияқты билер мен **Барақ, Асау, Ақпан, Атағозы, Тіленші, Амандық, Қара, Саржала, Шәпи (Сапы), Мыңбай** сынды көптеген батырлар, барлығы іріктеп алғанда 70-80-дей адам болыпты. 1964 жылғы академиялық "XYIII-XIX ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары" және көрнекті ғалым апамыз Н.Бекмаханова жазған «Көктемір туралы аңыз» атты бірегей еңбектерден тапқан деректер бұлардың көбісінің Сырыммен бірге Ресейдегі Е.Пугачев бастаған 1773-1775 жылдардағы көтеріліске де белсене қатысқандығын дәлелдеп отыр. Осылар ардақтыларымыздың азаттық үшін күрестің бір сатысынан өтіп келгендігін көрсетеді. Сонымен, бүгін қолдағы бар мұрағаттық, тарихи-ғылыми әдеби-фольклорлық құжаттар мен деректердің негізінде аталмыш арыстарымыз туралы баяндап көрелік.

I. Қаратау би Өмірзақұлы

Бұл кісінің ұлы қозғалыстағы орнын оның есімінің көп ретте Сырым бабамыздан кейін аталатындығынан-ақ көруге болады. Ақыл-парасатымен және шешімді іс-әрекетімен бүкіл Кіші жүз жұртына беделді болған Қаратау би көтерілісте Сырымнан кейінгі екінші көсем ретінде бағаланды. Бұлай деуіміздің де себебі бар. *Біріншіден,* оны баршаға ортақ дана тұтқан игі жақсылар руын атамастан, "Қаратау би", "Қаратау батыр" деп құрметтеген. Тіптен Орынбор губернаторы Н.Н. Бахметьев те 1802 жылы оны Бірінші Александр патшаға «батыр» деп жазыпты (*(Материалы по истории Казахской ССР». Том IV. М.-Л., 1940,167-бет, бұдан әрі «Материалдар» деп көрсетеміз,194-бет)*. Көбінесе өз жауларын «ұры», «қарақшы» деп атақтайтын орыс отаршыларының бұлайша жазуы да Қаратаудың қаһармандығын мойындағандықты білдіреді. *Екіншіден,* ол ресми құжаттарда сұлтандардан кейін билердің ішінен бірінші болып аталыныпты, мысалы, 1786 жылғы 8 қарашада қазақ зиялылары барон О.А. Игельстромға жазған хатта Қаратау бидің есімі сұлтан Қарабайдан кейін және бүкіл билерден бірінші болып жазылады. Осы хатта қойылған үш-ақ мөрдің бірі – осы Қаратау бидің мөрі *("Материалдар", 76-шы бет)*. Үшіншіден, патша үкіметі органдары Қаратау биді ылғи да Сырым батырға көмекшілікке тағайындап келіпті. Айталық, мұны Шекаралық істер жөніндегі Орынбор экспедициясының 1787 жылғы 23 қазандағы жарлығынан көреміз (*Сонда, 97-бет*). Ал, профессор М. Вяткин билер мен ағамандардың қалауы бойынша үш рулар бірлестігіне сәйкес бөлінген Кіші жүздің үш бөлігіне де кеңесші болып сайланған Сырымға көмекшілікке Көккөз бен Қаратау билердің берілгендігін жазған екен *(«Батыр Срым». М.-Л., 1947, 207,210-беттер)*. Қаратау би Өмірзақұлы Кіші жүздегі он екі ата Байұлы бірлестігіндегі Ысық руының азаматы, батыры, ағаманы болатын. Ел бастаған серке, сөз бастаған дуалы ауыз шешен Қаратаудың Сырым қозғалысы тұсында Сырымдайын сыйланғанына, Кіші жүз жұртының оның ақыл сөзін өнеге тұтқанына көңіл тоғайтамыз. Көп жағдайларда ол аталмыш қозғалыстың ең қызу ортасында жүрді: халыққа жеккөрінішті болған Нұралы ханды биліктен кетіруде, қазақтарға Жайық өзенінен өтіп, жайылым алуға рұқсат берілуінде, жаңа мемлекеттік құрылымдарды қалыптастыруда, көтерілісшілердің Сырым төңірегіне топтасуында ерекше көзге түсті.

Отаршыл үкімет Нұралыны хандықтан 1786 жылы түсірген соң 1792 жылға дейін Кіші жүзде үш рулар бірлестігі бойынша үш Бас ордаға бөлінді, оларды жеті бас ағаман (старшын) басқаратын болды. Әлімұлында – үш, Байұлында – екі, Жетіруда – екі бас ағаман белгіленді. Байұлы Бас ордасына барон О.А. Игельстром 1787 жылдың 9-шы қарашасында Сырым батыр Датұлы мен Қаратау би Өмірзақұлын бекітті (*сонда, 106-шы бет*). Көтерілістің алғашқы кезеңдерінде Қаратау би Сырым көсемді жан-жақты қолдап отырды. Олар Нұралы ханды тақтан түсірткенде де, жаңа мемлекеттік құрылымдарды түзгенде де, отаршылардың алдына өзекті мәселелерді қойғанда да, оларға қарсы үгіттік және қарулы күрестерді жүргізгенде де бірге болды. Қазақ ағамандарының патша әйелге және оның министріне Әбілқайыр ханның ұрпақтарын таққа отырғызбауды, ханның және казак-орыстардың қазақ ауылдарына жасап отырған зорлық-зомбылық-тарын тоқтатуды талап еткен хаттары осы екі арыстың бастамасымен және үгітімен болғандығы күмән туғызбайды. Ол хаттар 1785 жылдың шілде және қазан айларының соңында және 1802 жылдың 20 желтоқсаны шамасында қағазға түскен екен. Қаратау бабаның көтеріліс көсемімен дос-жар, мүдделес болғандығын ғалым М. Вяткин де көрсетеді әлденеше рет.

Ол Шекаралық соттың құрамына «Сықлар (*дұрысы – Ысықтар – А.Ә.*) руының старшинасы Қаратаудың» кірмегендігін жаза келіп, «ол Сырымға қосылған күшті старшиналардың бірі» дейді (*М. Вяткин. «Сырым батыр». Алматы, 1951 ж., 243-бет).* Қаратау би қашан да халық мүддесіне бола қимыл өрістетті, көтерілістің тағдыры шешілердей қиын жағдайларда табандылық көрсете білді. Сондай бір сәтте, яғни Сырым батырды Нұралы ханның балалары 1786 жылы ұстап алып, бұғаулап қойған кезде көтеріліс көсемін құтқарып алуға ерекше еңбек сіңірді. Оның бастамасымен сол жылы 14-ші тамызда барон О.А. Игельстромға жазылған хатта батырды босатуға көмектесу сұралады. Сырым мен Қаратау би 1790 жылға дейін патша үкіметімен негізінен дипломатиялық қатынас жүргізіп келді, зәбір көрген халықты арыз-шағымдар беру жолымен қорғап отырды. Мысалы, ол екеуі Дөнен батырмен қосылып, 1790 жылғы ақпанның 4-ші күні шамасында Кавказ наместниктігінің билеушісі С.А. Бренчаниновқа хат жазып, шекаралық команданың қазақтардың малын тартып алған жауыздықтарын бетке басты: «...егер орыстар даламыздан 30 қой мен бір сиырды ұрлап әкетіп отырса, біздің ортамызда қандай тыныштықтың болуы мүмкін... Ал, сонымен бірге, биылғы жылы біздің 100 қойымыз ұрланды, бірақ кім екені белгісіз, осыларды, сондай-ақ, өткен жылғыларды қайтаруыңызды сұраймыз...» *(«Материалдар», 130-бет*). Уақиғалардың одан әрі дамуы ұлттық намыстың мүддесі батырлар ды отаршылармен қарулы қақтығыс қа баруға жетеледі – патша үкіметінің қазақ жеріндегі саяси тәуелсіздікті тұншықтырғысы келетіні белгілі болды:

қазаққа біршама жақын болған барон О.А. Игельстром 1790 жылы губернаторлық қызметтен кеткеннен кейін ескі отаршылдық тәртіп қайтадан орнады, шапқыншылық ұлғайды, Жайықтан көшуге тыйым салынды Өкімет орындары қайтадан сұлтандарға бет бұрды, келесі 1791 жылы Ералы хан болып тағайындалды. Сөйтіп, жеті жылғы күрестің жеңістері жоққа шығарылды. 1790 ж. ақпанның бас шенінде Орал қалашығынан қашқан Асан молда мен Шекті Қаражігіт ағаман Қаратау би көшіп-қонып жүрген Көкүйрек өзеніне келеді, «...сол жерге Сырым батыр да келді, - деп хабарлапты Ә. Оразбаев деген молда губернатор С. Бренчаниновқа жолдаған хатында, - онда барлығы 15 күн бірге болыпты. Аталған молдалар оларды ресейліктермен татулықты тоқтатуға және оларға қарсы шығуға үгіттеумен болды... Мұндай хабарларды естіген Сырым батыр мен Қаратау батыр "қашан Ресеймен тыныш жағдайда тұру біздің заңымызға зиянды болатын болса, сол уақытта біз Ресейге қарсы шығуға келісім береміз" деп жариялады және құранды ұстап тұрып, ант берісті..." *(«Материалдар», 129-бет).* Аталмыш молданың хатында Қаратаудың тағы бір намысшыл әрекетін мағлұмдайтын дерек бар.

Отаршылардың Андреевская деген қамалынан мал жоғалады.

«...Андреевская қамалында болған оқиға, - делінеді одан әрі молданың хатында, - ресейлік малдың жоғалуына байланысты. Орал жерінен сол жоғалған малды Қаратау биден өндіру үшін командасымен старшина Дмитрий Мезинов жіберіледі, ол малды Қаратау би ұстап отырған болатын, және бізде оның, Қаратау бидің інісі Елдібай да ұстауда отырған еді, сол үшін де Қаратау би өте ренішті. Сондықтан да, Сырым батыр, Бөдене би, Дөнен батыр, барлығы ерекше ызалы жүр және жоғары мәртебелі генерал-поручик мырза-ға, ...Игельстромға хат жазып, егер ол Қаратау бидің інісін босатып жіберсе және жағдай жасаса, онда жақсы болатындығын, ал, егер босатпайтын болса, онда олардың разы болмайтындығын және жағымсыз әрекетке баратындықтарын жариялады...»

(*Сонда, 128-129-шы беттер*). Мұны профессор М. Вяткинше тұжырымдасақ, бұл әрекеттер "Сырым мен Қаратау бидің орыстармен соқтығысуының алғашқы қадамдары" *(«Сырым батыр», 23-ші бет*) еді. Қозғалыс тарихының келесі кезеңінде де бұлардың мүдделестіктері айқын көрініп отырды. 1791 жылы жаңа губернатор А.А. Пеутлинг Сырымды жақтайтындардың қатарында «Байұлы әулетінен Қаратауды да» атайды (*М.П. Вяткин, 304-бет).* Қаратау Өмірзақұлы ержүрек батыр да болыпты. Ол отаршылдарға қарсы қаймықпастан қару көтерген де екен. Жетірудың бас ағаманының бірі Табын Тіленші батыр Бөкенбайұлы 1793 жылғы қазанның 10-ы күні Шерғазы (Серғазы) сұлтанға жазған хатында осы Қаратау батыр бастаған қазақтардың шөп шауып жатқан бірнеше Орал әскерін ұстап әкеткенін жазады. Оны іздеуге әскердің атаманы, полковник Д. Донсковтың өзі шығады...» дейді *(«Материалдар», 150-бет*). Атаман Дмитрий деген жауыз сол маңдағы қазақтардың 600 бас жылқысын, 90 бас өгізін тартып әкетеді. Мұны қайтаруды талап еткен билерді қорлап, балағаттайды және жағасын жыртады, он бес адамды өлтіреді. Мұндай қорлыққа төзбеген Қаратау бастаған ағамандар Орал казак әскерін барымталайды. Жасанған жаудан, күркіреген зеңбіректен сескенбеген Қаратаудың бұл ісі нағыз ерлік болатын.

Халық аузындағы деректер Қаратау бидің бұдан кейін Сырыммен ірге ажыратпағандығын әңгімелейді. Ол өле-өлгенше азаттық ісіне адал болып өтті.

Енді бірер сөз аруақты бидің бүгінгі лайықты ұрпақтары туралы болсын. Қаратау бидің жетінші ұрпағы Нұрлан Балғымбаев 1997 жылдан бастап біздің Республиканың Премьер-Министрі болып еді. Мұның баршасы Қаратау бидің ұрпақтарының да өз бабалары сияқты Отаны үшін аянбай, адал ниетпен тер төгіп жүргендеріне куә бола алады.

2. Сегізбай би Құлбекұлы

Сырым дәуірі тұсындағы тарихтың күрт бұрылысты бұралаң шақтарында халықтың сенім артқан ақсақалдарының бірі – Сегізбай би еді. Көпті көрген ақсақал қалың жұртпен бірге мейманасы тасып, өз халқын отаршыларға қойша жығып берген Нұралы ханды алтын тақтан аластауды қатты талап етті. Ол атақты "55-тің" талапхатына Шекті руының атынан **Құдаш, Бәйіш, Нұрбай, Сартай және Жансары билермен** бірге қол қойған-ды. Бұдан кейін көп ұзамай – 1785 жылдың күзінде өткен ру ағамандарының жиналысының шешіміне орай хандық биліктің орнына құрылған мемлекеттік жаңа құрылым – Кіші жүзді басқаратын Басты ордалардың жұмысына араласты. Бұл үш Басты ордалардың әрбірін жиналыс сайлаған рубасы басқаруға тиіс еді. "Басты ордалардың әрқайсысында, - деп жазды профессор М.П. Вяткин, - старшиналар (*ағамандар – А.Ә.)* және халық жиналысы "халық ішінде қуатты, жасы үлкен, беделді үш старшинаны сайлайды. Қаракесек руында старшина болып Сегізбай би, Байұлы руында Тармамбет би (*дұрысы – Тұрмәмбет – А.Ә.*), Жетіруда Тіленші батыр сайланады. Оларға жиылыс "Бұл руларға бас-көз болыңдар" деп тапсырады. Сырым батыр бұл жиылыста басты орын алады..." *(М.П. Вяткин. Сырым батыр. А.,1951, 215-ші бет).*

Ел сеніміне ие болған данагөй қарт Сегізбай би қазақ жұртының тарих көшінен қалмауы үшін бар қадарынша еңбек етті. Елдің бірлігі үшін бір кездерде бір топ ел жақсыларымен бірге Ералы сұлтанмен де төте қатынас жасап тұрды. Халықтың тыныштығы үшін үлкен уайым жеді. Патша өкіметі орындарынан өздеріне жіберілген Қ. Әбдісәлімов деген молдаға 1792 жылдың шілдесінде Сырым, Мұратбек билермен бірге "...біздің Ордамызда әртүрлі алауыздық істер толып жатыр, бұлар ілгеріде тағы көбейе бермек" (*М. Вяткин. Сырым батыр, 302-ші бет*) деуі сондықтан-ды. Олардың бұған қоса "біз өзіміз бұл жақтағыларға қарсы зұлымдық әрекет жасай алмаймыз, бірақ өзімізге бағынатын ұшқары ойлы халықты осындағы сотқарлықтан тоқтатамыз деп те айта алмаймыз" (*Сонда, 303-ші бет*) деп жариялауы көтерілісшілерге шын іш тартқандық болатын. Отаршылдыққа қарсы өршіген халықтың ашу-толқынын тоқтату мүмкін бе еді?! Сырым-Сегізбайлардың бұл мәлімдемесінде қозғалыстың шығу себебі де нақтылы көрсетіліп беріледі. Олар былай дейді:

"...егер де біздің Ордамыздағы сотқарлар мен зұлымдар өз беттерімен қоғамдар арасында зиян келтірсе, бұған патша әкімшілігі кінәлі, өйткені, старшиналардың жаңадан хан сайлау жөніндегі талабын тыңдаудан ол мүлде бас тартқан" (*Сонда*). 1791 ж.Ералы хандық таққа отырғызылғанда Шекті руына (оның бас ағаманы Сегізбайға) арқа сүйеген Сырым және оның жолдастары А.А. Пеутлингтің бұл әрекетіне наразылық ретінде 1792 жылы Есенәлі (Есентай) сұлтанды өздеріне хан етіп сайлап алады. Мұнысы көтерілісшілердің ең батыл тобының патша әкімшілігінің халық еркін мазақ қылған қылығына орайластырылған нақты жауабы мен тойтарысы еді. Бұл – шын мәнінде үлкен ерлік болатын. Есенәлі ұзақ бола алмаса да, көтерілісшілердің бұл әрекеті халық бұқарасын жаңа қозғалысқа түсіріп, азатшыл рухы бар істі жандандырды.Сонымен бірге, бұрын шамамен 1788-1790 жылдары, аз уақыт болса да Сырымнан іргесін ажыратып алған Сегізбай сияқты билерді қайтадан оның төңірегіне топтастырды. Халықты А.А. Пеутлинг әкімшілігінің Ералының хан болуына наразы ақсақалдардың депутациясын Петербургқа, патшаға шағынуға жібермей қалуы да қатты ашындырып жіберген-ді. Осындай халықтық өрлеу жағдайында 1792 жылы қыркүйекте губернаторға Сырымнан хат келеді. Хатқа онымен бірге қол қойған Сегізбай би, Толыбай батыр, Басығара, Сарыалтай билер, көптеген ағамандар былайша ашық мәлімдеді: "Сіздің алдауыңыз және түрлі қулық-сұмдықтарыңыз ашық көрініп тұр. Сіз бізді ноғайлар мен башқұрттардай етіп ауыздықтап, қызметке салып қойғыңыз келеді, ал біздің балаларымызды солдатқа алып, жорыққа аттандырып және басқа түрлі ауыр міндеттерді жүктегіңіз келеді. Біз сіздің осы сияқты барлық пікірлеріңізді түсіндік, өйткені, сіздер осының алдында қаншама елді күміс, тағы басқа зат беріп, өздеріңізге құл етіп қойдыңыздар" (*Сонда, 324-ші бет*). Көрсетілген хат көтерілісшілердің Ресеймен бейбіт қатынасын ашық түрде үзгендерін көрсетеді. Сөйтіп, Сырым батыр бұқараны ашық қарулы күреске шақырады. Қобалжыған көп ағаманның ішінен топ жарып шығып, батырды батыл қолдағанның бірі – Шекті Сегізбай ақсақал болды. Осы бір қысталаң кезеңде Сырымды "байбақтылардың, шектілердің, алшындардың, масқарлардың, байұлылардың қолдауында" (*Сонда, 326-шы бет*) оның да үлкен үлесі бар болатын. Мұның бәрі Сегізбай би Құлбекұлының да аталмыш қозғалыс тарихында елеулі орын алатындығына дәлел бола алады.

3. Тіленші батыр Бөкенбайұлы

Ұлы халық қозғалысының көрнекті көсемдерінің қатарында Тіленші тарханның да есімі құрметпен аталады. Атақты Табын Бөкенбай батырдың ұрпағы еді ол. Тіленші қозғалыстың алғашқы кезеңінде Сырымды толық қолдап, жаңаша шараларға білегін сыбана кірісті. 1785 жылғы көктемде 1500 жігіттен тұратын жасағымен барып, Сырымға қосылды, казак-орыстардың екі хуторын талқандауға атсалысты. Мұны көтерілісшілердің қас жауы болған Нұралы хан князь Г. Потемкинге осы жылғы 15-ші қарашада жолдаған хабарламасында баяндайды. "Сол Сырым, - дейді хан, - сыбайластарымен бірге өткен күзде Оралдан жоғары жерге жиналып алып, хуторды тонады, еркектер мен әйелдерді тұтқынға алып кетті... Одан кейін іле-шала наурыз айында ол жауыздар – Сырым мен Тіленші, Барақ жүзге жуық сыбайластарын жиып алып, Антонов форпосына шабуыл жасады. Адамдарды тұтқындай алмаған соң малдарын айдап әкетті...*("XYIII-XIX г.г. қазақ-орыс қатынастары...",110-111-ші беттер*). Бұл Нұралы ханның атақты "55-тің талапхатынан" соң өз басын сауғалап, патша сарайындағы беделді әкімге жазған хаты болатын. "...Жақын күндері мен мынаған көзімді анық жеткіздім, - деп жазды хан, - ол зұлымдар – Сырым мен Тіленші, өздері қырда қала отырып, әлгі айтылған тұтқындағы майор мен атаманды бірнеше ағамандармен бірге Орынборға аттандырыпты, ал олармен бірге ұсталған басқа адамдарды қиырға, сонау Хиуа мен Бұхараға асырып жібереді және генерал-губернаторды былай деп сендіреді: бұлардан басқа бізде енді ресейліктер жоқ, ал бұрын болғандарды жіберіп отырмыз; неліктен генерал-губернатордың олардың жіберген ағамандарын қошеметтеп қарсы алғандарын, оларға сый-сияпат бергендерін және өздерінде тұтқында отырғандарын босатқандығын, сондай-ақ, сол ағамандардың әрбіріне ашық хат беріп, олардың өз игіліктерін ханнан тәуелсіз басқара алатындығын жариялағанын... түсіне алмадым..." (*Сонда, 113-ші бет*). Азаттық үшін күресте осылайша көзге түскен Тіленші батырды жұртшылық құрметке бөлеп, 1787 жылы Жетіру әулеті бойынша болған екі бас ағаманның бірі (екіншісі – Тама Жанболат батыр Қараманұлы еді) етіп сайлады (Сонда, 100-ші бет). М. Вяткиннің куәлік етуіне қарағанда, Тіленші батырға "жәрдемші ретінде сол Табын руынан Жәнібек батыр мен Құдайберген" белгіленеді. Ал шекаралық сотқа басқалармен бірге Тіленші батырдың туысқаны Шекбаев Арғын би сайланады (*Сонда, 243-ші бет*). Халықтың осындай сеніміне ие болған соң Тіленші жаңа құрылымдардың талабына сәйкес әуелгіде патшаға адал қызметтің үлгісін көрсетті. Мысалы, ол 1789 жылы, барон О.А. Игельстромның өзі куәлік еткендей, отаршылар құрған шепке жиі-жиі шабуылдар жасап тұрған Жиеншора батырды тәртіпке шақыруға тырысып, оған бұл әрекетін тоқтатпаса жаза қолданатындығын ескертті (*Сонда, 118-ші бет).* Мұндай "жақсылық" жасаған Тіленшіні орыс өкіметі көзге де ілмеді. Сол 1793 жылы Сахарная қамалының есаулы Тіленшінің жоғалған жылқыларын іздеп жүрген Едіге деген баласын еш негізсіз тұтқындап әкетеді. Оқудан қайтып келе жатқан екінші бір баласын жолда атаман Донсков ұстап алып, үш ай бойы босатпайды. Қатты науқастанып келген баласы, ақыры, қансырап өледі, оны жұрт отаршылар улаған деп жорамалдайды. Бұл жауыздық әрекеттер Тіленшіні күрт бұрылысты қадам жасауға еріксіз итермелейді. Оны біз батырдың Шерғазы сұлтанға 1793 жылы жазған хатынан көреміз. Онда былай делінген: "...өзімнің антымды (*орыс әкімшілігіне берген – А.Ә.)* бұзайын деген "арам ой" жоқ менде, бірақ "өз басым мен өзіме қараған халқым жазықсыз жәбір-жапа көріп, ешқандай әділеттік таба алмаған соң енді Жайық өзенінің бойын қоныстап жүре беруіме мүмкіншілік қалмады". "Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң" дегендей, халықтың адал арманы көкейін тескен Тіленші батыр Бөкенбайұлы қайтадан Сырым тобына қосылады. Кейіннен, 1821-1823 жылдары оның ісін ұлы Жоламан жалғап, ұлттың азаттығы жолындағы тағы бір күрестің туын көтереді. Мұны олардың бойындағы еркіндікке ұмтылған азатшыл жан дүниесі мен рухы мүмкін еткен болатын.

4. Жанболат батыр

Тама Жанболат батыр да қазақтың ұлттық-азаттық күресі тұсында ерекше тұлғаланып көрінді. Оны Нұралы хан өзінің патша әкімдеріне шағынып жазған хаттарында «Сырым-Тіленшілермен сыбайлас» деп көрсетіп, оны жазалауды сұрайды *(«XYIII-XIX г.г. қазақ-орыс қатынастары», 113-бет).*

Жанболат сенімді серігі **Жиеншора батырмен, Тасболатпен** бірге 1785 жылы 800 адамдық жауынгерлік жасақ құрады да, Сырымға барып қосылады, отаршыларға қарсы қарулы күрес жүргізеді. Ол да 1787 жылы Тіленші батырмен бірге Жетіру әулетінің бас ағаманының бірі болып сайланады.

5. Тұрмәмбет би Пұсырманұлы

Тұрмамбет би он екі ата Байұлы бірлестігіндегі Шеркеш руының ақсақалы болатын. Ол да бірден Сырымды қолдады. "Тар жол, тайғақ кешу" заманы кімді құбылтпаған?! Профессор М. Вяткиннің куәлік етуіне қарағанда, "советник Нұрмұхаммед қожа Сырымға дұшпан басқа старшиналардың арасынан мына билерді де атайды: ...Байұлы әулетінен Сопыра би мен Тұрмамбет биді..." (*М. Вяткин. Сырым батыр, 299-шы бет*). Бұл 1791 жылы болған-ды. Алайда, Сырым батыр бұған шыдады, ол өз уақытын күтті. Ақыры, М. Вяткиннің тұжырымдағанындай, 1792 жылы "Сырымның тактикасы өзінің күткен жемісін береді. Мысалы, Ералыға қарсы күресу платформасында ол рудың атақты адамдарының кең тобын біріктіре алады және ханды әжептәуір жалғыз тастауға жетіседі" (*Сонда, 321-ші бет*). Халықтық қозғалыстың бұл тұсында Сырым бабамыздың ықпалымен рубасылар мен билер елдегі басқару ісіне тағы да парасатпен көз жібере бастайды. Ел жақсыларының 1792 жылғы мамыр айында Қобда жне Елек өзендерінің арасында өткен жиылысында Ералы мен Есім сұлтандардың хан болуларына қарсылық білдіріліп, "Орын ханша (*Нұралы ханның әйелі – А.Ә.*) балаларының бірі, әсіресе, атап айтқанда, Янтр (*Жалтыр – А.Ә.)* сұлтан хан болса екен" деген хат генерал-губернаторға жіберіледі. Оған қол қойғандар-дың ішінде "Серкеш руынан Тұрмамбет би" де бар-тұғын. "Сөйтіп, - деп жазыпты М. Вяткин, - бұл жиылысқа кейінгі жылдарда Сырымға ашық жау болып шыққан старшиналар қатынасқан. Мұндай старшиналар : Бөдене би, Тормамбет би, Сегізбай би және басқалары" (*Сонда*). Осылайша, Тұрмәмбет би Сырым сардармен қайта табысқан болатын. Енді аталмыш бидің ата-тегі мен ұрпақтары туралы бірер сөз болсын. Бір тамашасы сол – Тұрмәмбеттің кейінгі ұрпақтары да қазақ тарихында елеулі іздерін, өзіндік қолтаңбаларын қалдырыпты. Оның ұлы Бекмәмбет (Бекмембет, Бекмұхаммед) те Шеркеш руының ағаманы болыпты. Ал оның атақты немересінің аты-жөнін барлық әдебиетте Бекмұхамбетов Мақаш (Мұхамбетжан) Шолтырұлы (1830-1906) деп жазып келеді. Оның - қазақтың біртуар ұлы, белгілі ел билеушісі, атақты биі әрі ағартушысы Мақаша правитель ретінде танылғаны қазірде баршаға мәлім. Мақаштың кенже ұлы Шафхат Бекмұхамбетов Қазақ АКСР-ының тұңғыш прокуроры болған екен. Мұның барлығы бізге "асылдан асыл туады" деп тұжырым жасауға толық негіз береді.

6. Құлжабай би Бекқұлыұлы.

Сырым бабаның сенімді серіктерінің бірі болған Құлжабай би Бекқұлұлы Кіші жүздегі он екі ата Байұлының Таз деген руының Келдібай атасының ұрпағы болатын. Ардақты азаматтың есімі бүгінде тұтас бір арысқа – Құлжабай арысына негіз болып отыр. Ол да тегін емес-ті. Парасатты басшы, ақылман аға, көреген көсем ретінде өз елін талай рет тағдыр соққысынан аман алып шықты, үнемі ел қамын жеп, оларды ұлттық азаттық көтеріліске көтерді. Бүкіл Таз руының бетке ұстар азаматы, сол кездегі білікті биі ретінде мемлекеттік маңызды істерге үлкен жігермен араласты.

Тарихи құжаттарды бағамдасақ, Құлжабай би өзінің тұрғыластары Тұрмамбет, Көккөз, Сегізбай билер сияқты пәтуалы сөзімен, берік билігімен қозғалыстың бүкіл барысына өзіндік ықпал еткен ардақты ақсақалдардың бірі болғандығына көңіл тоғайтамыз. Әзірге қолдағы деректеріміз шағын ғана. Дейтұрғанмен, солардан-ақ елдің азаттығы үшін көппен бірге ұлы істерге араласқан абзал азаматтың тұлғасы ерекше көрінеді.

"Материалдар" кітабындағы бір дерек көтеріліске шыққан қазақ халқының Нұралы ханға деген ашу-ызасының кемерден асып төгілгендігін дәлелдейді. Алдында 10 жыл бұрын Ресейде болып өткен Е. Пугачев бастаған көтерілісте де азатшыл рухтағы қазақтарды алдап соққан хан Кіші жүз шаруаларының Сырым Датұлының бастауымен орыс отаршылдарына қарсы жүргізген көтерілісінде де халық мүддесін сатып кетті, патша әкімдерінен әскер сұрап, көтерілісшілерді жазалауын тіледі.

1785 жылы шілдеде жиналып, бас қосқан қазақтың игі жақсылары Нұралы ханның екіжүзділігін айтып, сол кездегі Ресейдің патша әйелі II Екатеринаға хат жазды. "Біз, қырғыз-қазақ жұртының Кіші жүздегі қарапайым халқы, - деп баяндалды онда, - ресейлік жұртқа шапқыншылық жасап отырған хан мен басшылардан басқа, оның ресейлік жұртқа деген қара ниетіне орай Нұралы ханға қатты ашуланған және шапқыншылық жасамайтын күллі адамдар – барлығы бірдей жағдайда және бірауыздылық ынтымаққа тең жағдайда бірауыздан мынаны уәде етеміз: егер хандықтан Әбілқайыр ханның балалары тайдырылатын және Нұралы ханның барлық хаттары қаперге алынбайтын болса, онда ұлы мәртебелі падишахтың әмірі мен жарлықтарына қарсы болмаймыз және оларды тәрк етпейміз. Осындай жағдайда ғана біз, Кіші жүздің барлық ақсақалдары мен бүкіл халқы, бағынуға уәде береміз және солай болса ғана ұлы мәртебелі патшайым жұртының ұлылығын танимыз және оның еркін орындайтын боламыз, ал падишахты, оның мәртебесін қамқор-

шылық пен мейірбандық деп танимыз. Осы уақытқа дейін бізде сіздермен арада болып өткен алмакезек атыс-тардың және шапқыншылықтардың Нұралы ханның бүлдіргіштік әрекетінің кесірінен, оның атаққұмарлығы мен ашкөздігінен туғандығын мойындаймыз. Ол қырғыз-қазақ жұртына қылғаны сияқты Ресей жұртына да шексіз және сансыз оңбағандықты жасады. Ұлы мәртебелі падишах оның осындай сатқындықтары туралы біле ме екен? Осындай опасызды хандыққа және билеушілікке көтеру қайдан үйлесімді болмақшы…" *("Материалдар", 53-бет).*

Хатқа Кіші жүздегі 25 рудың 21-інің өкілдері қол қойды, олардың жалпы саны 55 болатын. Осы 55-тің бірі болып, Таздар руының атынан қол қойған Құлжабай би жеке-дара тұрды. Батырлар мен билердің қойған қолдарын растап, хат соңына Сырым батыр өзінің мөрін соғады.

Халықтың өршіл талабы патша өкіметін хатты сескендірді де, ол 1786 жылы Нұралыны хандықтан тайдыруға мәжбүр болады, оны Үпіге (Уфаға) жер аударады. Хан сонда жүріп, 1790 жылы қайтыс болады.

Құлжабай бидің көтерілісшілер арасында беделді болғандығын тағы да мыналардан көреміз: ол 1785 жылдан кейін де көпшілік болып қабылдаған шешімдерге ризашылығын бүкіл ру атынан беріп отырды: 1792 жылы да, 1794 жылы да осылай болды.

Құлжабай би көбінесе Сырым батырды қолдап жүрді. Бұл әсіресе, Ералының хандық таққа отыруына қазақтың игі жақсылары қарсы болған тұсында айқын аңғарылды.

Ресейдің патша өкіметі демократиялық сипатта болған 1789 жылғы Ұлы француз буржуазиялық революциясының ықпалынан қорқып, Кіші жүзде хан өкіметін қайта орнатуға ұмтылды. Самсаған әскердің және қоқан-лоқының күшімен Ералы Әбілқайырұлы 1791 жылы хан болып "сайланған-ды". Сырым бастаған азғантай топ оған бірден-ақ қарсы болды. Зеңбіректен қорыққан көпшілік ағаман келісімін алғашқыда берсе де, кейін Сырым бастаған көтерілісшілердің ықпалымен Ералыға қарсы шыға бастады. Олар 1972 жылдың 10-маусымында Орынбор шекаралық істер экспедициясына жолдаған хаттарында халық қалауын былайша жария етті: "…Егер патша ағзам Әбілқайыр әулетінен біреуді хан етіп сайлағысы келсе, біз оған қарсы болмас едік, бірақ біз, қырғыз-қайсақ (қазақ – А.Ә.) жұрты, Ералының хан болғанына қарсымыз, себебі, ол жасының едәуірге келгеніне байланысты бұл орынға лайық емес. Сондықтан, Ералы жүз ішіндегі айтыстартысты, тағы да басқа толып жатқан істерді шешуге шамасы келмейді. Осы себептерден оған халық риза емес..." *("Казахско-русские отношения в XYIII-XIX в.в.(1771-1867 г.г.). Сб. документов и материалов. А.-А., 1964, 135-137-беттер).*

Хатқа қол қойған 14 ағаман өздерінің қалаған басқа бір адамын халықтың сайлап қоюына рұқсат берілуін талап етті. Кейіннен олар сұлтан Есентайды өздеріне хан сайлап алады. Аталмыш хатқа Шекті Сегізбай, Ысық Сұлтанбек, Шеркеш Тұрмамбет, Беріш Бөдене билермен қатар Құлжабай би де өз мөрін соқты. 14 ағаманның бұл ісі Сырым тобының азайып қалғанына қарамастан батыл әрекеттерден бас тартпаған өжеттігін, табандылығын әйгілейді.

"14-тің" тобының мұндай ісі нәтижесіз кеткен жоқ, көпшілік бірте-бірте олардың жағына шыға берді. Сөйтіп, патшаға тағы да хат жазылып, Ералыны өзгерту талабы қойылғанда, яғни 4-қаңтар 1794 жылы олардың қатары 200-ге жуықтады. Қартайған Ералы хан көп ұзамай, жазда қайтыс болады.

Аталмыш деректер бидің ел өміріндегі аса маңызды оқиғаларға белсене араласып, өзіндік үлес қосқандығына, жұртшылықтың лайықты құрметіне бөленіп келгендігіне тура меңзейді.

Құлжабай бидің ұрпақтары да оның өзі сияқты отаншыл азаматтар, білікті билер болып өсті. Оның 3-ұрпағы Дәден би елдің ерекше құрметін көрді, 4- ұрпағы Бектұрлиев Байшығанның жерлесі Байжан Атағожиевпен бірге Атырау облысының Жылыой ауданы жерінде 1944 жылы неміс фашистерінің диверсант-десанттарына қарсы күресте жасаған ерлігі Республика Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығына арналған мерекелік баяндамасында аталып өтті. 6-ұрпағы Есенгелді Нұршайұлы Нұршаев (1942-2005) кезінде Жылой, Қызылқоға аудандарында аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, аудан әкімі, Атырау облысы әкімінің орынбасары ретінде Отанына адал қызмет жасады. Атыраудың Жылыой ауданы мен Ақтөбе облысының Ойыл ауданында Құлжабай ұрпақтары көптеп саналады.

Сырым бабаның ұлы күрестегі бір серігі Құлжабай би Беккұлыұлы, міне, осындай азамат, білікті би, білікті ел басшысы болған адам еді.

7. Мыңбай батыр

Көтерілістің аса белсенді күрескерлерінің бірі - Сырымның сенімді досы Есентемір Мыңбай батыр. Ол туралы халық ақындарының мадақ жырлары көптеп табылуда. Таздың атақты шайыры Бала Ораз Өтебайұлы (1837-1882) өзінің Жетірудың Жүйрік ақыны Жібек қызбен айтысында былай деген:

«...Есентемірдің ішінде,
Атақты батыр Мыңбайы,
Сырыммен қосылып,
Орынбордың аузында,
Ханға тыныш бермеген.»
(Айтыс» 2-том А., 1998.162-163 беттер).

Тарихи құжаттардан көріп, зерделегеніміз - Мыңбай батыр көтерілістің соңғы жылдарында, дәлірек айтсақ, 90-шы жылдары ғана көрінеді және аса белсенділігімен, таймас табандылығымен ерекшеленеді. Жауға сескенбей шапқан жалаңтөс батыр қашанда шулы, айтулы оқиғалардың ортасынан тұлғаланып көрінеді.

1791 жылдың маусым айының бас шенінде белгілі би, Байұлы расправасының заседателі Алаша Сыпыра Қарабатырұлы патша әкімшілігіне төмендегіні хабарлапты: «Кете руынан Наурызғали, Табын руынан Елекбай, Бармақ, Беріш руынан Момынбай, Сары, Есентемір руынан Мыңбай дегендер, барлығы 500, немесе 600 адам болып алып, Сырым батырмен келісіп, зұлымдық әрекет жасау үшін Шыңғырлау дейтін өзеннің құйылысына, атап айтқанда, Орла форпостарына, немесе Елек защитасына бармақшы» (*М. Вяткин. Сырым батыр. А., 1951, 305-306 беттер.)*

Көтерілісшілердің мұндай пиғылы туралы Шекара істері экспедициясына Таймас Сейітов деген молда да жазған екен: көтеріліс көсемі Сырымның ұйғарымына орай Беріш Амандық батырдың басшылығымен Адай, Есентемір, Беріш руларының жігіттері шепке шабуылға жиналады. Осы баяндалған әрекеттердің бәрінде де Сырымның үлкен беделін айнақатесіз түсінген Байұлы распрaвасы бастықтарына былай деп жеткізуге асықты: «…осылардың ордасына жаманат хабар жайылып кетті, Эмба (Жем-А.Ә.) бойында халық жиналып жатыр деген хабар естіледі...»*(Сонда.)* Міне, осында көрсетілген ержүректерге ерлігімен үлгі берушінің бірі Мыңбай батыр болатын.

Қазақ батырларының ұйымдастыруымен болған бұл шепке шабуыл отаршылдарды қатты ызаландырып, зұлымдық істерге түрткіледі. 1972 жылдың күзі мен жазына қарай олардың шауып-талаған ауылдардың ішінде Мыңбайдың да ауылы бар еді. Осындағы шабуыл кезінде патша есерлері Мыңбайды тұтқынға алады. Отаршыларға жалбаңдаған жағымпаз сұлтандар да көтерілісшілерді жазалауға белсене қатынасады. Деректер Есім сұлтанның ағаман «Мыңбайдың 50 адамын ұстап алып, 50 жылқысын айдап кеткендігін» де көрсетеді. *(Сонда, 327-328 беттер.)*

Бұл оқиға қазақ қауымын бей-жәй қалдырған жоқ. Казак-орыстар мен сұлтандар әулетінің осы шапқыншылығы туралы жаза келіп, қазақтың игі жақсылары 1793 жылы күзде өткен өз жиналысында тұтқындағы Мыңбай батырды босатуға өтініш қылады. Мұнда Сырым батырдың үлкен ықпалы болғанығын көреміз, себебі ғалым М. Вяткиннің тұжырымдауынша: «Мыңбай Сырымның жеке досы» *(Сонда, 332-бет)* екен.

Халық батырын тұтқыннан босату талабы мұнан кейінгі басқосуларда да күн тәртібінен түспейді. 1794 жылы қаңтардың 4 жұлдызында бір топ қазақ сұлтандары мен ағамандары Ресейдің сол кездегі патшайымы II Екатеринаға хат жазғаны белгілі. Хатта 1791жылы Кіші жүзге хан болып «сайланған» Ералының жасының көрілігі, оның өзекті нәрселерді шешуге әлсіздігі, сондықтан елге жаңа хан тағайындап беру және отаршылдар мен Ералының жақтас сұлтандарының қазаққа жасап отырған айуандық зорлық-зомбылықтарынан құтқару сұралды. Аталмыш құжатқа 180-нен астам адам қол қояды. Онда көтерілістің бір қаһарманы туралы да бір өтініш бар болатын: «…Сіздің көріңізге Мыңбай деп аталатын қазақтардың бірі ұшырап тоыр, ол қазіргі күні өзінің екі жолдасымен бірге Орынбор қаласындағы түрмеде отоыр. Егер Сіз осы күнәлі болған сіздің құлдарыңызды кешіретін болсаңыз, онда біз бүкіл қазақ жұрты болып оларды жазалаудан босатуды өтінеміз. Егер Сіз рұқсат етер болсаңыз, онда біз сізге өзіміздің таңдаулы және ақылды адамдарыңыздың ішінен біреуін депутат етіп жіберер едік...» *(«Материалдар»)*. «Патшаның алдында жақсы атта көріну үшін,- делініпті аталмыш хатта, - Есім сұлтан Мыңбайды ұстап берді…» *(Сонда, 168-бет)*

Өкінішке орай, бұған патша әйелдің «аналық» жүрегі жібі қоймапты да, ержүрек батыр Мыңбай Орынбор түрмесінен қашып шығады.

Азаттық жолындағы күрестің осылайша күшейіп тұрған кезінде, яғни 1794 жылдың күзінде Мыңбай батыр Сырым бидің ақылымен аталмыш әрекетіне кек сақтамай, Есім сұлтанмен түсінуге тырысыпты. Оларды бұған ұлт мүддесі итермелеген-ді. Мұны М. Вяткин былайша баяндайды: «...Сырым батыр Төртқара руының Қаракөбек деген старшинасымен және осының алдында ғана тұтқыннан қашып келген Мыңбаймен бірігіп, Есім сұлтанға елші жіберуге және сұлтанмен жолығысып, сөйлесуге шартталады» *(«Сырым батыр», 334-бет).* Алайда, бұл кездесудің болғандығын айғақтайтындай құжаттар табылмапты. Бірақ, Есімнің батырларға деген қастас позицияда қала бергендігі мәлім болыпты (Сонда).

Мұны Есімнің тағы бір әрекеті дәлелдейді: «…Есім,- деп жазады М.Вяткин, - 30 сентябрь күні шекара істері экспедициясына мынадай хабар береді: «Мыңбай есентемірлермен және адайлармен қосылып алып, алашалардың және байбақтылардың 500-ге жуық жылқысын айдап алып кетті, ол мұнымен тынып қоймай, маған (*яғни Есімге –М. В.*) ниеттері дұрыс алашалардың және байбақтылардыңмалын тағы да айдап алмақшы болып, осылардың ауылдарына жаңадан шабуыл жасауға даярланды» (*Сонда, 335-бет).*

Біздің ойымызша, Есімнің осы көрсетілген хабарының негізінде Мыңбай батыр тағы да қамауға алынған сияқты. Бұл тұжырымға біз М. Вяткиннің төменде берілген дерегіне арқа сүйеп келіп отырмыз: «Ел ішінің қобалжуы көбейе береді. 1794 жылдың өзінде Шекара істерінің экспедициясы Адай және Есентемір руларының қазақтарды өздерінің старшинасы Мыңбайды құтқарып алу үшін линияға шабуыл жасамақшы болып жиналыпты деген старшинасының линияға шабуыл жасау үшін даярланып жатқандары туралы хабар келіп түседі...» *(Сондаі 336-бет).*

Көтерілісшілердің заңды талабымен санасуға мәжбүр болған отаршылар атақты батырды тұтқыннан босатып жібергенге ұқсайды. Олай дейтініміз, көп ұзамай әлгі экспедицияға «Табын руының Бармақ, Татан, Бекшора деген старшиналарының, Есентемір руының Мыңбай деген старшинасының линияға шабуыл жасау үшін даярланып жатқандары туралы хабар келіп түседі...» (Сонда).

Тек 1796 жылдың күзінде ғана Есім сұлтан хан болып тағайындалады. Оның сұлтан кезіндегі бір озбырлығын ел жақсылары патшаға 1794 жылы 4 қаңтарда жазған хатында баяндаған болатын: «Қазақ ауылдарында жасаған бір ғана шапқыншылықта Есім құны 5121 бас биенің құнына тең құндылықты халықтан тонап алған екен» *(«Материалдар», 168-бет).* Ол хан болған соң елдегі жағдай бұрынғыданда өрескел асқынып кетті.

Осындай сәтте көтерілісшілердің Сырым Датұлы бастаған қалың тобы зұлым ханды бұл ханды бұл дүниеден аластамайынша халыққа ешбір жақсылық болмайтынын түсінеді. Сөйтіп, есірген Есімге де зауал келген-ді.

Генерал Д. Донсковқа Сарайшық қамалының бастығы Кириллин 1797 жылғы 18 наурызда: «...құрамы 1000-ға жететін адам: Есентемір, Байбақты, Шеркеш, Алаша және Таз руларының есентемірлік Мыңбай мен Арғынбай және байбақтылық Ерсары мен Қойсары бастаған қырғыздардың *(қазақтардың – А.Ә.)* қырға ресейлік шекараларға зұлымдық жасау үшін жиналғандығын» («Материалдар», 190-бет) хабарлайды. Одан қалыспаған Топайлы қамалының бастығы есаул Иванов та Имамбет сұлтаннан естіген «Шаронка өзеніне әртүрлі рулардан жиналған 1000-ға жуық адам Сырым Датовқа барғалы жатқан көрінеді және жалпы онымен бірге шекараларға шапқыншылық жасауға ниетті екендігі» туралы мағұлматын жібереді. Аталмыш хабардан ереуілдеген елдің тағы да бір қобалжуға түскенін білген әлгі генерал елді өзі араламақ болып, 26 наурызда жолға шығады. Бірақ ол қарсы шаралар алуға үлгермей қалады. Көтерілісшілер наурыздың 27-не қараған түні Қызылжар (Красноярск) форпостына қарсы жердегі ұлысында Есім ханды халық үкімімен жазалап өлтіреді. Ол Д. Донсковтың кейінен бастықтарына берген баянатында жазғанындай: «Таң алдында құрамында 100-ге дейін адамы болған Шекті және басқа рулардың қырғыздарының қолынан шапқыланып өлтірілген...ханды өлтіруге жиналып келген қырғыздар (қазақтар-А. Ә.) көптен жауласып жүрген белгілі Сырым Датовтың басшылығымен болған»... екен.

Дейтұрғанмен, кейіннен бұл өлімді тексерген үкімет комиссиясы Есім өлтірілген күні Сырымның басқа ауылда болғанын анықтайды. Алайда, бұл істің көтеріліс көсемінің ұйғарымымен болғандығына күмән жоқ. Халық кегі қайтқан бұл оқиғада Мыңбай батырдың да зор үлесі болды.

Ханды жазалаған бұл оқиға Кіші жүзді дүр сілкіндірді: біреулерді шошынтты, біреулерді сүйсінтті.

Ал, өз руына ғана емес, бүкіл Кіші жүзге ардақталған Мыңбай батыр көтерілістен кейін де ел билігінде болды. Тарихи құжаттар оны 1805 жылы 3000 отбасын құрайтын төрт бөлімшесі бар Есентемір руының ағаманы болып тұрғанын көрсетеді *(«Материалдар», 515-бет).*

Атақты жыр сүлейі Ығылман Шөрекұлы:

- «*Есентемір ер Мыңбай,*
Сұлтанкелді, Көктаубай,
Қаратоқай Құлбарақ
Қара жиып дұшпанға,
Қайрат айтып жоқтаған»,-

- деп жырлайды. («Исатай мен Махамбет» дастан мен жарлар.А. 1976 жыл, 142-бет).

«Қара қазан, сары бала қамы үшін қылыш сермеген» *(Махамбет)* шақта Сырым батыр өзіне, міне, осындай Мыңбай сияқты нағыз арыстандарды серік етіп алған-ды. Тәуелсіздіктің тәтті ауасын жұтып, тұнығына жүзген бүгінгі жұрт Мыңбайды да азаткеркүрескер ретінде жоғары бағалайды.

Осы деректердің өзі де Сырым төңірегіндегі қазақ зиялылары мен батырларының азаттық үшін күресте жан аямай күресе білгендігін, азаттық үшін күрестің тарихына, дамуына өшпес із салғандықтарын дәлелдей алады.

Аманғали ӘМІРЖАНҰЛЫ,
Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері,
Қазақстан Республикасының Үздік өлкетанушысы,
Атырау мұнай және газ университетінің құрметті профессоры.

АУЫЛДАН КЕЛГЕН ҚОНАҚ

Әңгіме

Ауылдан Сейтмомын келді десе Төребек алыстан туысы келгендей қуана қоймайды. Бірер жыл келмей кетсе де қайда жүр деп іздемейді. Іскер адам жүрген шығар дейді. Сейтмомын Төребекке балдыз. Өзінен бір мүшел кіші. Төребекке балдыздың жасы есеп емес. Сөз артпай тек жүргені есеп. Есеп болуға басқа себептер жетерліктей болып білінбей ақырын елеусіз жинақтала келіп ұлғая түскендей. Төребек балдызы келеді десе қуану түгілі осы келмей-ақ қойса екен деп тілейді. Сонда бұл жездесіне азар болып қашатындай не істеп қойды екен деп бұлардың ара қатынасынан бірдеңе сезген адам қызығушылық таныта қалар болса аңдыса да ештеңе таба алмас еді. Өйткені Сейтмомын түк білмегенсіп жүретін сақ адам. Жасы енді жиырма беске ілігерде Алматыда құрылысқа келгендермен бірге қаңғып жүріп, көрінгеннің жұмысын істегенше ағам көмектесейін деп алыс жамағайынның үйін сылап, есік алдындағы кішкене үйін тұрғызып берген.

Сол үйден Сейтмомынның тасы жүрді. Әлгі ағайыннан қарыз алып өлердей ұялған еді. Сосын шақырса да бармайтын болды.

* * *

Бұрын Төребектің үйінде Сәнияның қою шайын ішіп, шағын пәтерінде сығылысып жататын ағайын енді көше ауып Құлшардыкіне жөнейтін болды.

– Байдың үйіне бара жатырмыз,– дейді қушыкер туыстар. Соны жаулап, қона жатып мол астан ішіп-жегінді жақсы көреді. Шақырған соң барады.

– Ақшасы көп-ау, –деп таңдайын қағып таң қалады. Үйге келіп-кетіп жатқан коммерсант, кәсіпкерлер оңаша шақырып Құлшарды жағалайды. Алып кетіп қонақ қылады. Шаруасын бітіртеді. Ондайда қызып отырып Құлшар Төребекті іздейді. Өзіне қатысы жоқ біреулердің жағалап келіп, жетістікке жетіп жатқанына іші ашиды. Ал, мына Сәния мен Әлияның өзі де күйеуі де бұ маңға жоламайды.

– Сонда олар не істеп жүреді?–деп Сейтмомыннан сұрайды. Ол нығыз күйде отырып:

– Бір жапырақ нан тапқанға жұмыс емес нәрсені жұмысым деп жүр ғой шатасып,–дейді.

– Айналасына қарамайды екен тұрып естігені:

– Сенде туыс бармед? Өңшең кербақ немелер. Кіміңе сеніп кергисің. Сейтмомын дейді ғой, болса қайтейін. Саудаға салынған сүмелек немені де кісі ғып жүрмісің. Істеген ісінің бәрі өтірік. Айтқан бір сөзінде пәтуә жоқ.

Осы жерге келгенде Сейтмомын шыдамай кетіп қақпадан кейін шегінді. Дыбырсыз аттап көшеге шықты. Какпаның темір есігін ақырын жауып, су жаңа көлігіне келіп отырды. Сол баяғы қаланың таныс жолдарымен Сәния көкесінің үйін тауып есігінің алдына келіп қалған еді. Аулада шулай ойнаған балалар асыр салып жүгіріп жүр. Өзінің әдетте мәшине қоятын жерін келіп тоқтады. Ойын жинақтай алмай біраз отырды. Күні бойы көлікпен жүргені бар әбден шаршап еді. Сол отырған бойы есін жиды да көлігін от алдырып жүріп кетті.

Әлия қарындасының үйіне жақын «Дем алайық» деген кафеге келіп күйеу баласына звондады. Қастек телефонды көтере қойғаны. Қысқа ғана жөн сұрасқан соң кафеге шақырды. Жарты сағат өтпей олар кең дастарқанда түк болмағандай әңгімелесіп отырды. Осы кәфенің тамағы дәмді. Төбеті шапқан нәрсенің бәрін алған соң дәмді тағамға тойған Қастек қаланың әңгімелерін шерте бастады. Оның оңайлықпен сөйлемейтінін біліп графинмен таза арақ келтіріп ішпейтін өзі де ернін тигізді. Көзді ала бере босаған ыдысқа құя

молшылыққа кіру үшін мұны жездесі жарты жыл бойы саудамен айналысуға үгіттеген. Ақыры көрсем көрейін деп қара базарға аяқ киім сатуға шыққан Сейтекең қолы жүріп берді. Бірер жұма Алматыда жүреді де алған нәрсесін мәшинеге тиеп облыс орталығына әкетеді. Қасында Қалдық деген қисық аяқ інісі бар. Со бұлар,–деп шақшияр еді Құлшар. – Шіркін-ай десеңші! Осынша жұғымсыз болар ма?

– Солай болған соң қайтесің?–деп Сейтмомын одан сайын араздық отын көсей түседі. Айналасы да, тыңдап отырғандар да, ауылдағылар да мұны

саудамен жүріп жарты жылда ескі көлік алды. Бір жылдан соң оны жаңартты. Облыстан үй алып, Алматыдан да бір бөлмелі үйдің кілтін досына пәтершілерді қарап жүр деп ұстатып қойды.

Кешегі жалаңаяқ балдызының қалтасына ақша бітіп, апайынан қит етсе тиын-тебен сұрап жүретіні ұмытылған сайын жездесі Сейтмомынның өзімен-өзі кеткені қуанды. Ешкімнен ештеңе сұрамай, ел қатарлы күн көріп кеткеніне разы. Бірақ Сейтмомын өзгерейін деді. Қалтасы қампайған сайын жұмыстан тымпыңдап шаршап келіп бұлардың тамағын жасайтын апайына да, кешке дейін кеңседе болып кешке қарай дүкеннен жейтін наны мен екі баланың тамағын алып үйге келетін жездесінің қоңторы тірлігін қомсына қарайтынды шығарды.

Дастарқанға еріне қол созып, маңайына маңғаздана қарайтын болды. Мұны әдейі көрсін, білсін дегендей көрсетіп нығыздана отырып істейді. Оның жүрісінде, маңайына қараған қарасында осы да тірлік болып па деген сыңайды оқуға болар еді. Түрінде жазулы тұрмаса да, өз ойындағы көңілсіз жайттан ашып қатты ештеңе айтпаса да келіпкетісінен, шалқайып сөйлегенінен өзгеріп кеткені байқалып тұратын. Бұл мінезді арғы төркінін сезсе де Төребек оны алған бетінен қайтар деп ойлаған. Ұзақ уақыт өзінің шыдамды кейпімен үнсіз балдызының бұрынғы кішіпейіл, адамның көңілі қалмасын дейтін баяғы кейпін іздеп жүрді. Бірақ ол кейпі Сейтмомыннан теріс айналған екен. Төребекті көрсе басқаға иіліп тұратын басы қақая қалатыны өзгермейтін әдетке айналды.

* * *

Құлшар деген дембелше келген, едірeңдеген пысық жігіт. Шешеден жетім қалғанда Сейтмомынның нағашысын паналап жүріп жетілді. Алған қатыны пысық болды да оқу бітірген соң қалаға сіңіп тірлік қуып кетті. Кеңсенің құлығын үйренді. Ақша жеудің есебін үйреніп бақса да орайы келмеді. Сөйтіп жүргенде қаланың банк, есеп-қисап, өндірістік қаржылық саласы қым-қуыт болды. Банк құрып жатқан біреулерге ілесіп бұ да жиғанын салып кішкене ұйым ашып еді, облыста мекеме бастығы болып істейтін қайнағасы мол қаржыны бұған әкеп құйды да басқа бір ірі мекемеге қосып, есепші боп жүрген Құлшардың бастық қылды. Жетім өскен Құлшар жеттім деді. Ағайынның есігінде жүріп, интернаттың қатқан нанын әбден қажаған кездері ұмытылды.

Ауылдан іздеп Сейтмомын келсе бауырым деп жанынан тастамайды. Оны мақтап жер-көкке сыйғызбады. Той-томалақ жасаса ауыл, аудан, облыстың өзі танитын мықты дейтіндері бірге жүрді. Бұған Төребек ілесем десе де ілесе алмас еді. Бірер рет тойына барған соң бұл адамның мақтаншақтығында шек жоқ екен деп естіп алып олар расында сондай ғой өзі деп Төребекті азғана уақытта кісілік қатарынан шығарып тастай салғандай болады, ендігі жерде ешқайсы оны білмейтін, білгісі келмейтін адамдай, оның өзі де бұл ортадан шеттеп ешкімді іздемеген күйі жүре берді.

* * *

Күздің қара суығы түскелі Төребектің белі сырқырайтынды шығарды. Бала күнгі ешкімді тыңдамай жалаң қабат шалбармен аязды-боранды күнде ойнап жүре беретіні енді білінді. Білінгенде ауру, күшін ұрлаған әлсіздіктен білінді. Сол шаршап келгеннен Төребек диванда жатады. Дәрігерге баруға құлқы жоқ. Телевизорды қосып қойып көргісі келмесе де әлдебір нәрселерді көрген боп жата береді. Ойы басқада. Мына заманның бұзылуы. Адамның ашкөз боп кетуі. Тойымы жоқ біреулердің басшы боп кетіп жатуы. Ақшасы жоқ өзі сияқтылардың тәуір қызметтен қағылып шетке тебілуі. Құлығы бар, жағына алатындардың жолы болып әлдебір жерден нәпақа табуға көшуі. Арамдар жиылған жерде адалды аңдуы.

Бұл сұраққа сәбеттік кезде де басы жетпеп еді. Енді тіпті ойы шатасты. Өстіп телевизор көрген боп жатып біраз арасында ұйықтап кетеді. Қалжырап оянғанда түн болады. Алғаш жатқан бетте ұйықтап кетсе де түннің бір жерінде біреу келіп ұйқысын қашырып жібергендей көзі бақырайып, түн құшағынан елеусіз қалың ұйқы келіп білдірмей басатындай көріп жата береді. Басында әлгіндей ойлар.

Кешкі аста әйелі отырып Сейтмомынның ауылдан келе жатқанын айтқан. Баласы үйленіп тойға шақыру қағазын жіберіпті. Сіңілісінің сөзі бойынша оқудағы ұлын қыс бойы осы үйге қоймақшы. Бұ жерге келгенде үндемей отырған Төребек кекесінді үнмен:

– Ол кіммен ақылдасыпты. Солар айтты екен деп соқталдай ұлды ұядай үйде қай жерімізге тұрғызбақ екенбіз? Басымызға шығып отырмаса. Олар сөйлемесін сырттан билеп. Мұндай сөз шықса осыны жеткіз,–деді.

Сәния күйеуін емеурінен түсінетін әйел. Күйеуінің айтқанын ол да мақұлдады да жауабын солай бермек болып келісті. Қазір де Төребектің ойлап жатқаны сол жайттар еді. Сейтмомын мен Құлшардың қылықтары болатын. Бір-екі жылдай араласпай жүріп, бойын аулақ салғанда бұл үйге Сейтмомын да келгіштеуін қойған еді. Келе берер ме еді, іштен жейтін қылықтарын соза берер ме еді Төребек өзіне біткен тура мінезімен:

– Енді келсе қабылдамай ана туыс, мына туысқа жібер,–деп көргісі келмейтінін білдірген. Содан Сейтмомынды көрмеген бірталай өтіп еді.

* * *

Сейтмомын Құлшар ағасының үйіне келіп түсті. Жеңгесі мен ағасының қызу майдан болып жатқанының үстінен түсті. Қақпаның аузында салып, арақтың көбін Қастекке қалдырып жатыр. Ол ішсе тез қызатын сөйлеуік әдетімен Төребек пен Құлшардың жазасыз келтіру үстінде. Бірер жүз басына шығып Сейтмомын қазір үйге барған соң Әлияның арақ ішкені үшін күйеуін жерден алып, жерге салатынын ойлап аяп отыр. Несіне аясын бұ да жетісіп тұрған жоқ. Алаңғасыр, аңғал адам.

Қаланың әңгімесіне қанған соң екеуі көлікпен үйдің жанына келіп тоқтады. Айтылмай қалған тағы бірдеңе қалғандай әлгі араққа сусыны қанбаған Қастек тағы да дүкенге барып бір жарты мен газды сусын алып келді. Со бойы түн ортасы ауғанда екеуі де көлік ішінде шаршап ұйықтап кеткен екен.

* * *

Таңға жуық екеуі тоңып оянды. Қастек басын көтеріп алды. Орындығын шалқайтып қойып, шалқалап ұйқыны басып жатқан Сейтмомынды оятты. Екеуі мең-зең болып тұрса да ұйқылары қанып қалған, құс төсекте ұйықтап шыққан мырзалардай боп үйге келді.

– Не мереке бұл?–деп Әлия есікті кекесінмен көңілсіз ашты. Звондаса алмайды, телефонды өшіріп тастапсыңдар. Қайда бардыңдар? Із-түзсіз жоғалатындай. Сейтмомын –менің көлігімді жудық,– деп қарындасын жұбатқан болды.

Таңертеңгілік шайда Әлияға баласын осы үйге тұрғызуды шешкенін, – жатақханаға барса ауылдан келген балалар жиылып тыным бермес, одан бірдеңеге ұшырап қалар, бас-көз болсын деп осында тұрғызып, өздеріне тапсырғалы отырмын,–деп ойлап келген шаруасын айтты. Бұған есеңгіреп, шөлдеп шайды терлей жиі ішіп отырған Қастек келісе кетті.

– Орын жетеді,–деді аққөңіл кейіппен.

– Бұған бірібір, –деді Әлия күйеуіне сынай қарап. Үйді жинайтын, тамақ істейтін біреу. Саған не керек. Жұмыстан келесің де қайта кетесің. Тамақ дайын, төсек салулы. Кір жуулы.

Қастек көзі кілмиіп Сейтмомынға қарады.

– Ничего қайнаға. Қарындасыңыз еркелеп айта береді. Қозайын мен ғой. Айттым бітті.

– Жарайды,–деді Сейтмомын. – үйдің ішін айнала қарап.

Қуана қалатын жағдай мұнда әрине жоқ. Бірақ жатақханадан жақсы. Балаға тұруға болады.

– Біздің ұлдың да іші пысады жалғыз. Енді сенің балаң келсе жақсы болды.

Әлия жұмысқа жиналды.

Залға келіп кең креслода шалқайып отырған Сейтмомын әрнені ойлап отырып қалғып кетті.

– Басеке – деді Қастек оны оятып. – ана төсекке жат. Мен диванға жатам. Үйде күндіз ешкім болмайды. Дем алайық.

Келіс РАҚЫМЖАНОВ.

Сайлау 2021

ҚҰБАСАЙЛЫҚТАР ДА ДАУЫС БЕРУГЕ ДАЙЫН!

Құбасай Қараой ауылдық округіне қарайтын жалғыз елді мекен. Бұл шағын ауыл тұтастай мал бағумен айналысады. Әйтсе де, елде болғалы отырған саяси науқаннан бейхабар емес. Тұрғындар сауалына құлақ асып, ұсыныс-тілектерін жинақтау партия үшін аса маңызды. Осы орайда өткен аптада аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлер «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының сайлауалды бағдарламасын түсіндіру мақсатында Құбасай елді мекеніне арнайы барып, «Есіктен есікке» акциясын өткізді. Үміткерлер ауыл тұрғындарымен тікелей жүздесіп, «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының сайлауалды бағдарламасындағы негізгі басымдықтарына тоқталды.

Толығырақ тарқатсақ, «Nur Otan» партиясының жүйелі саясатының арқасында еліміз бейбітшілік пен тыныштықта күн кешіп, округ орталығы күн санап көркейіп келеді деген Тұрған Ихсанова партияның сайлауалды бағдарламасын тыңдап, аймақтарды дамытуға арналған негізгі

бағыттардың әр бағытының ерекшелігіне ықылас қойып, алда отбасымен бірге балаларының келешегі үшін Елбасы басқаратын партияға дауыс беретінін жеткізді.

- Мен тек өзім ғана емес, отбасыммен бірге дауыс беруге барамын. Бүгінгі елдің жетістігі сол елмен бірге жасап келе жатқан партияның жетістігі. «Nur Otan» партиясының мүшесінің науқан алдында шалғайдағы ауыл халқына арнайы келіп, партия ұстанымын жеткізуінің өзі бұл партияның халықпен бірге екенінің белгісі. Күнделікті теледидардан еліміздегі саяси науқанға қатысатын әр партияның ұстанымын көріп, екі ойлы болып жүргенде, үйімізге келіп, тайға таңба басқандай барлық бағытын айқын дәлелдеп, көрсетіп берген «Nur Otan» партиясын қолдаймын, - деген Нұрлан Бисенғалиев кесімді сөзі мен пікірін жеткізді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл-Құбасай-Ойыл.

Жариялау ақысы «Nur Otan» партиясының Ақтөбе облысы Ойыл ауданының сайлау қоры қаражаты есебінен төленді.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ РЕСМИ ТҮРДЕ «ОТБАСЫ БАНК» АТАНДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылдың 11 мамыр айында айтылған тапсырмасына сәйкес, «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамы («Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы) өзінің ресми атауын «Отбасы банк» деп өзгертті.

2020 жылдың 20 желтоқсанында «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамын ««Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамына қайта тіркеу жүргізілді. Бүгінгі күннен бастап банктің толық атауы: - мемлекеттік тілде: «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамы; - орыс тілінде: акционерное общество «Жилищный строительный сберегательный банк «Отбасы банк»»; - ағылшын тілінде: joint stock company ««Otbasy bank» house construction savings bank». қысқаша атауы: - мемлекеттік тілде: «Отбасы банк» АҚ; - орыс тілінде: АО «Отбасы банк»; - ағылшын тілінде: JSC «Otbasy bank». Банктің жалғыз акционері болып - акциялардың мемлекеттік пакетін иеленуге және пайдалануға 100% құқығы бар «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ қала бермек. Банктің заңды тұлға ретіндегі ресми атауы ғана өзгертіледі. Бүгіннен бастап «Отбасы банк» деп аталатын бұрынғы Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі, тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесін жүзеге асыратын банк ретінде қала бермек. Сондай-ақ қаржы құрылымы мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларының операторы міндетіндегі қызметін де өзгертпейтін болады. Сонымен қатар, 2021 жылы «Отбасы банк» тұрғын үйді тіркеу, есепке алу, үлестіру жұмыстарын бір орталықтан жүзеге асыратын толыққанды даму және қолдау институтына айналады. Ал бұл міндеттерді іске асыру үшін кезекке қою жүйесін әкімдіктерден ««Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне» тапсырып, тұрғын үйге мұқтаж барлық азаматтар үшін «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін «Баспанамен қамтамасыз ету орталығын» құру жоспарланған. Бұл жағдайда тұрғындарымызға баспанаға мұқтаж екенін растау үшін бірнеше мекемеге жүгініп, кезекте тұрып, ізінше несие алу үшін Банкке келіп әуре-сарсаңға салынбай, мәселесін бір орталықтан шешу мүмкіндігі туады. «Банктің дамыған инфрақұрылымы, ақпараттық және технологиялық қоры тұрғындарымызды, әсіресе халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын азаматтарымызды баспанамен қамтамасыз ету жұмыстарын жеделдетеді, үй алуға кезек құру жүйесін басқару мүмкіндігін кеңейтеді, тұрғын үйге мұқтаж азаматтарға баспана алу рәсімін оңтайландырады. Сонымен қатар банк 1,7 миллионнан астам салымшы мен 181 мыңға жуық займ алушыларға қызмет көрсетуін жалғастыра отырып, тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі шеңберіндегі өзінің негізгі қызметін үзбейді» - деп, банктің атауы өзгеруіне байланысты «Отбасы банк» Басқарма төрағасы Ляззат Ибрагимова пікір білдірді. Бүгінгі күні банктің депозиттік портфелі 976 млрд теңгеге тең. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 1 трлн теңгеге дейін жетеді деп жоспарлануда. «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ — еліміздегі тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесін жүзеге асыратын бірден-бір банк. Ұйым Еуропалық құрылыс жинақ кассалары федерациясына (ЕҚЖКФ) және Халықаралық тұрғын үйді қаржыландыру одағына кіреді. Банкінің жалғыз акционері – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ.

inform.kz.

2021 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН ЗЕЙНЕТАҚЫ, ЖӘРДЕМАҚЫ, ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ

Келер жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде айлық есептік көрсеткіш (АЕК) 2917 теңге мөлшерінде белгіленді. Соған орай зейнетақы, жәрдемақы, өзге де әлеуметтік төлемдер, салықтар мен айыппұлдар мөлшері өзгереді. Атап айтқанда, 2021 жылдың 1 қаңтарынан: - жалақының ең төменгі мөлшері - 42 500 теңге; - мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері - 18 524 теңге; - зейнетақының ең төменгі мөлшері - 43 272 теңге болады. Ал жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 2917 теңге мөлшерінде белгіленеді. Базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы - 34 302 теңге болып бекітіледі. Жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне жұмсалатын қаражат 1 қаңтардан бастап олардың мөлшерлерін 7 пайызға көтеру ескеріле отырып көзделеді. Сондай-ақ 1 қаңтардан әлеуметтік медициналық

сақтандыру қорына төлеуге жататын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға мемлекет жарналарының мөлшері мемлекет жарналарын есептеу объектісінен 1,6 пайыз деп белгіленеді. Бұдан бөлек, әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) және арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлеріне тұрғынжайды күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақының айлық мөлшері 3 739 теңге сомасында болады. Айта кетейік, 2 желтоқсанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

inform.kz

ІЛГЕРІ ДАМУДЫҢ КӨШІНЕ ІЛЕСКЕН АУЫЛ «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНА СЕНІМ АРТАДЫ

ӨТКЕН АПТАДА «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ, ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ СӘКЕН ЗАЙМОЛДИН МЕН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МАСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕРЛЕР 15 ЖЕЛТОҚСАН ЖЕЛІЛІК КЕСТЕГЕ СӘЙКЕС ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ БОЛЫП, АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ. ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ, ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ СӘКЕН ЗАЙМОЛДИН «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ, ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ АЛДАҒЫ БЕСЖЫЛДЫҚҚА АРНАЛҒАН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРДЫ ЖАН-ЖАҚТЫ БАЯНДАДЫ.

Үміткерлер де «Nur Otan» партиясы, Ойыл аудандық филиалының сайлауалды бағдарламасындағы ауданның экономикалық даму жолындағы кезең-кезеңімен атқарылатын жұмыстарды нақты айта келе, Қараой ауылына да қатысты жасалынатын игі істерге тоқталды. Сонымен қатар білім беру, медицина, мәдениет, ауыл шаруашылығы салаларында туындайтын негізгі мәселелеріне қатысты ауқымды жобалардың келер жылдың еншісінде кезек күтіп тұрғанын мәлім етті. Кездесуде тұрғындар өте белсенді болды. Тұрғындар тарапынан ұсыныс-пікірлермен қатар сұрақтардың көпшілігі партияның алдағы жоспарларына қызығушылығын білдірген сайлаушылардан болды. Қараой ауылдық округі аудан орталығынан шалғай жатқанымен ауылда болашаққа деген ұмтылыс жоғары. Ауылдың ажары кіріп тұр. Ауылды абаттандыру, тазалық

жұмыстары да жүргізілген. Ілгері дамудың көшіне ілесіп келеді. Тұрғындардың көңіл-күйі көтеріңкі. Себебі, бұрын Қараойдың өзекті мәселесі жол қатынасы болса, бұл мәселе мемлекет тарапынан шешімін тауып, асфальттау жұмыстары басталу сатысында. Сондықтан қараойлықтар да «Nur Otan» партиясына сенім артып, жұмысына сәттілік тілеп отыр.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл-Қараой-Ойыл.

Жариялау ақысы «Nur Otan» партиясының Ақтөбе облысы Ойыл ауданының сайлау қоры қаражаты есебінен төленді.

Сайлау 2021

БІЗДІҢ МАҚСАТЫМЫЗ КӘСІПКЕРЛІКТІ КЕҢЕЙТІП, ОТАНДЫҚ ӨНІМДІ МОЛАЙТУ!

Жуырда аудан орталығында «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын түсіндіру мақсатында аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлер Еркін Жиеналин, Абзал Майқанов, Айбек Базылұлы, Медет Құлмұқанов, Жұмабай Жақып, Исатай Берғалиев Ойыл ауданының кәсіпкерлерімен кездесті. Аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлер ша кеңес беріліп, шағын және орта бизнесті дамыту арқылы аудан экономикасын көтеру өзекті мәселе екенін ашып айтты. Расында, біздің аймақта ешқандай өндіріс көзі болмағандықтан, ауданымызда ауыл шаруашылығы саласын дамыту қажет. Кәсіпкерлік саласына бет бұрғандар жоқ емес. Әйтсе де мал шаруашылығымен айналысып отыр- кәсібін кеңейтуді жоспарлап жүр. Соның арқасында тарының өнімін сонау Италияға дейін апарып, ол жақтың әлемді қамтып отырған шаруашылығымен тәжірибе алмасып, біздің елімізде де нарықта сұранысқа ие өнімдерді шығаруға күш салу керек дейді.

Одан бөлек, үміткерлер білім, мәдениет, денсаулық, кәсіпкерлік

кездесу жиынына аудандағы әр түрлі кәсіппен шаруасын дөңгелетіп отырған кәсіпкерлермен қатар, кәсіпке енді ғана қадам басып жатқан жас кәсіпкерлер қатынасты. Кездесуде алдағы жылдарда атқарылатын барлық сала бойынша сайлауалды бағдарламаның негізгі басымдықтары таныстырылды. Кәсіппен айналысамын деушілерге мемлекеттік бағдарламалар аясында қайтарымсыз қаржыларды алу жолдары бойынғандар оның өнімін шығаруы тиіс. Мысал келтірсек, дүкен сөрелерінде толып тұрған ет, сүт өнімдері біздің жергілікті жерден шықпайды. Керісінше сонау шекараның сыртынан келіп жатқаны да жасырын емес. Сондықтан мемлекеттің басты мақсаты еттен, сүттен жасалатын отандық өнімді тұтынуымыз керек-мыс. Осы бағытта шаруасын дөңгелетіп отырған ойылдық шаруалардың бірі Жұмабай Жақып. Малдан бөлек, тары егу салалары бойынша «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасына енгізілген дамудың басты басымдықтарын бүгешүгесіне дейін ашық түсіндіріп, «Nur Otan» партиясының әрдайым халықпен бірге екенін атап өтті. Сондықтан «Nur Otan» партиясына қолдау білдіріп, дауыс беруге шақырды.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

Жариялау ақысы «Nur Otan» партиясының Ақтөбе облысы Ойыл ауданының сайлау қоры қаражаты есебінен төленді.

ҚОСЫМША БІЛІМСІЗ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУЕТІН ТОЛЫҚ АШУ МҮМКІН ЕМЕС

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ӨЗ ЖОЛДАУЫНДА БАЛАЛАРДЫҢ ҚОЛӨНЕР МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ БАСТАПҚЫ НЕГІЗДЕРІМЕН ТАНЫСУЫ ҮШІН «БАЛАЛАР ҮЙІРМЕСІ» ҚЫЗМЕТІН ҚАЙТА ЖАНДАНДЫРУ ТУРАЛЫ ТАПСЫРМА БЕРДІ.

Қосымша білімсіз балалардың әлеуетін толық ашу мүмкін емес.

Сондықтан әр баланың сабақтан тыс үйірмелер мен секцияларға қатысу мүмкіндігі болуы маңызды.

Елімізде мемлекеттік қосымша білім беру мекемелері біз қалағандай көп емес. Сондықтан балаларды қосымша біліммен қамту үшін тиісті жұмысты атқарудамыз.

Осы ретте жағымды жаңалықпен бөліспекпін.

Жақын арада балалардың мемлекеттік тапсырыс арқылы жекеменшік ұйымдарда да қосымша білім алуына жағдай жасалады.

Мұндай норма «Білім туралы» ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасында қамтылған.

Ол Парламент Мәжілісінің екі оқылымынан өтті.

Толығырақ тоқталып өтейін.

Қосымша білім беру жүйесіне оқушылар сарайлары, түрлі үйірмелер, секциялар, көркемөнер және музыка мектептері, жас техниктер станциялары және т.б. енеді.

Бұл бағыт арқылы бала қосымша білім алып, түрлі дағдыларын дамытады.

Мемлекет тарапынан ақша бөліп, оқушылар сарайын, өнер мектептерін салу, үйірмелер ашу – бір бөлек.

Дегенмен мемлекеттік тапсырыс арқылы жекеменшік орталықтарда баланың қосымша білім алуына жағдай жасау маңызды.

Бұл – мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаты.

Бұған дейін осындай жүйе арқылы қысқа мерзім ішінде мемлекет тарапынан үлкен салымдарсыз балабақшалардағы орын жетіспеушілік проблемасы айтарлықтай шешілген болатын.

Оны жеке балабақшалардың даму тәжірибесінен байқауға болады.

Яғни, кәсіпкерлер өз есебінен мектепке дейінгі білім беру мекемесін толығымен салады немесе ғимаратты жабдықтайды, ал мемлекет әрбір балаға мемлекеттік тапсырысты орналастыру арқылы ақша төлейді.

Нәтижесінде мемлекет құрылысқа және материалдық-техникалық базаға жұмсалатын ақшаны үнемдейді.

Мәселен, соңғы 10 жылда жеке инвестициялардың есебінен балабақшалардың саны 10 есе өсті.

Енді біз қосымша білім беру жүйесінде де осындай тетікті қолданатын боламыз. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік арқасында қысқа мерзім ішінде балаларды үйірмелермен және секциялармен қамту деңгейін айтарлықтай шығынсыз арттырамыз.

Жұмыс істеп тұрған қосымша білім беретін мемлекеттік ұйымдар да өз қызметін жалғастырып, дамитын болады.

Өткен жылы мектептен тыс ұйымдарды жаппай оңтайландыру тоқтатылғанын атап өткім келеді, бұл да балалардың қосымша білім алуға тең қол жеткізуін қамтамасыз етуге оң әсер етеді.

Сонымен қатар, соңғы екі жылда Талдықорған және Петропавл қалаларында оқушылар сарайлары ашылды.

Биыл Атырау және Түркістан қалаларында оқушылар сарайлары салынды, Түркістан облысында балалар музыка мектебі, Өскемен қаласында «SMART» креативті білім беру орталығы ашылды.

Сонымен қатар қазір Көкшетау және Қарағанды қалаларында екі оқушылар сарайының құрылысы жүріп жатыр. Алматы қаласындағы оқушылар сарайында қайта жөндеу жұмыстары жүргізілмек және Жамбыл облысында оқушылар сарайының құрылысы жоспарланған.

Педагог мәртебесі туралы заңға сәйкес қосымша білім беру қызметкерлерінің де еңбекақысы жыл сайын өсетін болады, санаттар үшін қосымша ақылары ұлғайтылады.

Сондықтан қосымша білім беруді дамытудың жаңа кезеңі басталды деп сеніммен айта аламын.

Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ,
ҚР Білім және ғылым министрі.

БЕЗ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ НЕВОЗМОЖНО РАСКРЫТЬ ВЕСЬ ПОТЕНЦИАЛ ДЕТЕЙ

В СВОЕМ ПОСЛАНИИ ГЛАВА ГОСУДАРСТВА КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ДАЛ ПОРУЧЕНИЕ ВОЗОБНОВИТЬ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ДЕТСКИХ КРУЖКОВ, ГДЕ ПРЕДСТАВИТЕЛИ БУДУЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ МОГЛИ БЫ ПОСТИГАТЬ АЗЫ ТВОРЧЕСТВА И РЕМЕСЛЕННИЧЕСТВА.

Действительно, без дополнительного образования невозможно раскрыть весь потенциал детей.

Поэтому так важно, чтобы у каждого ребенка была возможность посещать внеурочно кружки и секции.

Хочу сообщить отличную новость – в скором времени госзаказ на дополнительное образование будет размещаться и в частных организациях. Такая норма содержится в законопроекте «О внесении изменений и дополнений в ЗРК «Об образовании», который уже прошел два чтения в Мажилисе Парламента.

Расскажу подробнее.

К системе дополнительного образования относятся дворцы школьников, кружки, секции, художественные и музыкальные школы, станции юных техников и т.д.

Эта сфера развивает самые важные на сегодняшний день мягкие навыки, и поэтому роль допобразования становится все более важной.

Одно дело, когда государство выделяет деньги, строит дворцы школьников, школы искусств, открывает кружки, а другое, когда это будет делать заинтересованный бизнес, а мы будем размещать государственный заказ.

Это принцип ГЧП – государственно-частного партнерства.

Успешность такого подхода можно увидеть на примере развития частных детских садов. Нам удалось за очень короткий срок без больших капитальных вложений со стороны государства решить острую проблему нехватки мест в детских учреждениях.

То есть предприниматели за свой счет строят и оборудуют здания и помещения под дошкольные учреждения, а государство платит за каждого ребенка через размещение госзаказа, экономя деньги на строительстве детских садов.

В результате за счет инвестиций частных партнеров за последние 10 лет количество детских садов увеличилось в 10 раз.

Теперь такой же механизм мы будем применять и в дополнительном образовании. ГЧП поможет за короткий срок увеличить охват детей кружками и секциями без больших затрат.

Хотелось бы отдельно отметить, что существующие государственные организации дополнительного образования также продолжат свою деятельность и будут активно развиваться. Отдельно отмечу, что за последний год приостановилась массовая оптимизация внешкольных организаций, что также повлияет в определенной степени на обеспе-чение равного доступа детей к допобразованию.

Более того, за последние два года были открыты дворцы школьников в городах Талдыкорган и Петропавловск.

В текущем году построены дворцы школьников в городах Атырау и Туркестан, открыты детская музыкальная школа в Туркестанской области, Центр креативного образования «SMART» в г. Усть-Каменогорске.

В настоящее время идет строительство дворцов школьников в городах Кокшетау и Караганда, планируется реконструкция Дворца школьников г. Алматы, строительство Дворца школьников в Жамбылской области.

В Законе «О статусе педагога» мы учли и работников допобразования, их зарплаты также увеличены и будут расти ежегодно, существенно увеличены доплаты за категорию.

Осуществляется обновление содержания программ.

Поэтому с уверенностью могу сказать, что начинается новый этап развития допобразования.

Асхат Аймагамбетов,
Министр образовании
и науки РК.

ҚАЗАҚСТАНДА 25 ЖЕЛТОҚСАННАН БАСТАП ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫ КҮШЕЙТІЛЕДІ

Қазақстанда 2020 жылғы 25 желтоқсаннан бастап 2021 жылғы 5 қаңтарға дейін шектеу шаралары күшейтіледі.

- 2020 жылғы 25 желтоқсаннан бастап 2021 жылғы 5 қаңтарға дейін ойын-сауық, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шараларды, оның ішінде жаңа жылдық ертеңгіліктер мен мерекелік корпоративтерді өткізуге тыйым салынады. - Эпидемиологиялық жағдай тұрақталғанға дейін «Теңіз» кен орнында шектеу шаралары күшейтіледі. - Бөлшек сауда желісінде антиковидті дәрілік заттардың бағасын орта есеппен 24%-ға төмендету бойынша шаралар қабылдау. Сонымен қатар coronavirus-2020.kz сайтының хабарлауынша, білім беру сапасын қамтамасыз ету мақсатында, Білім және ғылым министрлігінің ұсынысы бойынша, сондай-ақ қоғамның пікірін ескере отырып, келесі шешімдер қабылданды: - оқу жылының ІІІ тоқсанынан бастап бітіруші сыныптар үшін (9,11,12 сыныптар) санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, аралас оқыту (пәндердің 70%-ын – дәстүрлі форматта, 30%-ын – қашықтан) қарастырылсын; - оқу жылының ІІІ тоқсанынан бастап мектеп оқушыларының біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында сабақтан тыс уақытта 5 адамнан аспайтын топтарда жеке консультация ұйымдастырылсын; - ІІ семестрден бастап колледждер мен жоғары оқу орындарының бірінші курс студенттерін аралас оқыту қайта басталсын. Үкімет басшысы әкімдерге өңірдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты жағдайды тұрақтандыру мақсатында қажетті шектеу шараларын қабылдауды тапсырды. Премьер-Министр әкімдердің назарын қоғамдық орындарды, мектептер мен балабақшаларды сапалы санитарлық өңдеу, сондай-ақ егу пункттерін вакцинациялауға дайындау қажеттігіне аударды. Ішкі істер министрлігіне әкімдіктермен бірлесіп, мереке алдындағы және мереке күндері санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауды қамтамасыз ету тапсырылды.

КОРОНАВИРУС: САЙЛАУ КЕЗІНДЕ АЗАМАТТАР ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛАДЫ?

2021 жылдың 10 қаңтарына тағайындалған кезекті Мәжіліс депутаттарын және жергілікті мәслихаттардың сайлауын өткізуге аз ғана уақыт қалды. Бүгінде еліміздің басты саяси додасына жолдама алған 5 партия, атап айтқанда «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы», «Nur Otan» партиясы», «ADAL» саяси партиясы», «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы», «Қазақстанның Халық партиясы» кандидаттары еліміздің түкпір-түкпірін аралап, сайлаушыларды өз жақтарына шығаруға тырысып бағуда.

Бұл орайда сайлаушылармен қатар еліміздің денсаулық сақтау саласы мамандарын әлеммен қатар қазақ жұртшылығын да әрі-сәрі күйге түсірген коронавирус инфекциясына қатысты ахуал да алаңдатып отырғаны белгілі. Өйткені, бұл пандемия ауа арқылы адамнан адамға тез жұғады. Ал дауыс беру күнінде қалаған кандидаты арқылы көңілінен шығатын партияға дауыс беруге асығатын жұртшылықтың қарасы сайлау учаскесінде қалың болары айтпаса да белгілі жайт. Міне осыған байланысты еліміздің Денсаулық сақтау вице-министрі - бас мемлекеттік санитар дәрігері Ерлан Қиясов Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі және мәслихаттар депутаттарының сайлауында сайлау алды үгітті жүргізу кезінде COVID-19 коронавирус инфекциясының таралуының алдын алу, санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті және азаматтардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында арнайы қаулы шығарып отыр. Бұл ретте облыстардың, республи-калық маңызы бар қалалардың және астананың бас мемлекеттік санитар дәрігерлері облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және республика астанасының аумақтық сайлау комиссияларымен бірлесіп, өңірлердегі санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, сайлау процесінің санитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс. Аталған қаулыға сәйкес, сайлау процесінің барлық қатысушылары: бір рет қолданылатын медициналық немесе қорғаныш маскаларын, қолғаптарды кию режимін міндетті түрде сақтауы; қолды дезинфекциялау үшін антисептикалық құралдарды пайдалануы; адамдар арасында бір-бірінен кемінде 1,5-2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтауы; қол алысуды немесе тікелей байланыстың басқа да түрлерін болдырмауы қажет. Сайлау алды үгіт іс-шараларын теледидар, радио, баспа басылымдарын, интернет-ресурстарды пайдалана отырып, онлайн режимде өткізу ұсынылады. Сайлау науқаны үшін арнайы дайындалған тегін баспа материалдарын, оның ішінде иллюстрациялық материалдарды, сондай-ақ белгішелерді, жалауларды, жалаушаларды таратуды бір рет қолданылатын қолғаптарды және қорғаныш маскаларын пайдалана отырып жүзеге асыру керек. «Сайлау алды көпшілік іс-шараларын және үй-жай ішінде сайлаушылармен жеке кездесулерді өткізу кезінде: әлеуметтік қашықтықты мүлтіксіз сақтау үшін жеткілікті кең үй-жайларды пайдалануды; іс-шараға қатысушылардың температурасын үй-жайға кіреберісте байланыссыз бақылауды; үй-жайға кіреберісте және үй-жай ішінде қолды дезинфекциялауға арналған құралдарды пайдалануды; жуу құралдарын қолдана отырып, үй-жайды және барлық жұмыс беттеріне ылғалды жинау жүргізуді, дезинфекциялауды; жасанды желдету жүйесі болмаған жағдайда үй-жайға тұрақты желдету жүргізуді; ғимараттың техникалық мүмкіндіктері болған кезде үй-жайға бөлек кіретін және шығатын жолдарды; КВИ-дің профилактикасы шараларын сақтау туралы ақпараттық материалдарды орналастыруды; үй-жайға кіреберісте және үй-жай ішінде қашықтық белгілерін орнатуды; қатысушыларды әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып отырғызуды қамтамасыз ету қажет», - делінген қаулыда. Айта кетейік, еліміздің орталық сайлау комиссиясы барлық 5 партиядан 312 кандидатты тіркеді. Оның ішінде: «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясынан 19; «Nur Otan» партиясынан 126; «ADAL» саяси партиясынан 16; Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясынан 38 және «Қазақстанның Халық партиясынан» 113 адам. Партиялық тізімдер бойынша Парламент Мәжілісі сайлауында дауыс беруді өткізу кезіндегі жеребе қорытындысы бойынша сайлау бюллетеніндегі саяси партиялардың атаулары мынадай тәртіппен орналастырылатын болады:

1. «Қазақстан Халық партиясы» қоғамдық бірлестігі.
2. «Nur Otan» партиясы» қоғамдық бірлестігі.
3. «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» қоғамдық бірлестігі.
4. «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы» қоғамдық бірлестігі.
5. «ADAL» саяси партиясы» қоғамдық бірлестігі.

Сонымен қатар 2020 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша Сайлаушы азаматтардың бірыңғай электрондық тізіліміне сәйкес Қазақстан Республикасындағы сайлаушылардың жалпы санының бір пайызы резервін қоса, дайындалуға және сайлау учаскелеріне жеткізілуге тиіс сайлау бюллетеньдерінің саны партиялық тізімдер бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау бойынша 12038433 (он екі миллион отыз сегіз мың төрт жүз отыз үш) дананы құрайтын болып белгіленді.

inform.kz

ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ БІЛІМ АЛУ — БҰЛ САПАЛЫ БІЛІММЕН ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ КЕПІЛДІК!

2021 жылдың қаңтар айынан бастап Ақтөбе облысы Полиция департаменті ҚР ІІМ Қарағанды академиясына түлектердікүндізгі оқу нысаныбойынша ақысыз оқуға үміткерлерді қабылдауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы «Құқық қорғау қызметі» мамандығын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес жоғары білім беру бағдарламалары бойынша төмендегі мамандандырулар бойынша оқытады:

- Ішкі істер органдарындағы сотқа дейінгі тергеп-тексеру;
- Ішкі істер органдарының жедел-криминалистикалық қызметі

Оқытудағы артықшылықтар:

- Тұрмысқа жайлы жатақханада тұру, стипендия алу, тамақпен, заттай қамтамасыз ету, тегін медициналық қызмет көрсету, каникулдық демалыс кезеңіне қалааралық автомобиль (таксиді қоспағанда), теміржол көлігімен тұрақты тұратын жеріне баруға және кейін қайтуға жол жүру ақысы төленеді;
- күндізгі оқыту нысаны бойынша толық курсты бітіргенде (оқыған кезеңі мерзімді әскери қызмет өткеруге теңестіріледі);
- түлектерді арнайы бөлуге сәйкес оларды қызмет өткеруге жіберумен 100 % жұмысқа орналастыру;
- оқу аяқталғаннан кейін бітірушілерге «құқық қорғау қызметі бакалавры» дипломы және Ішкі істер министрінің бұйрығымен **«полиция лейтенанты»** арнаулы атағы беріледі.

Құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарында оқуға орта арнаулы немесе орта білімі бар, жасы он 16 жастан 35 жасқа дейінгі азаматтар қабылданады, ер адамның бойы 170 см-ден кем емес, қыз баланың бойы 160 см-ден кем емес болу қажет.

Үміткерлерге ҰБТ (Ұлттық бірыңғай тестілеу**) тапсыру кезінде ерекше назар аударып, бейінді пәндерді таңдау қажет:**

- Дүние жүзі тарихы;

- Адам, қоғам, құқық.

Конкурсқа қатысу үшін ҰБТ-дан 50 балдан кем емес, оның ішінде әр пәннен 5 балдан төмен емес балл жинау қажет.

Құжат тапсыру мен үміткерлермен әңгімелесу күн сайын таңғы сағат 10.00-ден кешкі 17.00-ге дейін Ойыл ауданы ПБ бастығының кадр саясаты жөніндегі орынбасары полиция майоры Даулетов Асхат Алтайұлы №21 кабинетте қабылдайды тел: 2-10-26, ұялы тел: 8 705-382-08-00.

Үміткерлер өздерімен бірге жеке басын куәландыратын, ер азаматтарға – әскери комиссариаттан әскери қызметке жарамдылығы немесе шағын әскери қызметке жарамдылығы туралы куәлік алып келуі қажет.

УЧЕБА В АКАДЕМИИ– ЭТО КАЧЕСТВЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И ГАРАНТИРОВАННОЕ ТРУДОУСТРОЙСТВО

С января 2021 года ДП Актюбинской области осуществляет прием кандидатов на учебу в **Карагандинскую академию МВД РК имени Б.Бейсеева**по очной форме обучения, на бесплатной основе.

Карагандинская академия МВД РК им.Б.Бейсенова обучает по образовательным программам высшего образования в соответствии с государственным общеобязательным стандартом образования по очной форме обучения по специальности «Правоохранительная деятельность» по специализациям:

- ***Досудебное расследование в ОВД;***
- Оперативно-криминалистическая деятельность в ОВД

Преимущества в обучении:

- Проживание в благоустроенном общежитии, получение стипендии, обеспечение питанием, вещевым довольствием, бесплатное медицинское обслуживание, оплачивается стоимость проезда на междугородном автомобильном (кроме такси), железнодорожном транспорте к месту постоянного проживания и обратно в период каникулярных отпусков;
- время обучения приравнивается к прохождению срочной воинской службы
- 100% трудоустройство выпускников
- по завершению обучения выпускникам выдается диплом с присвоением квалификации «Бакалавр правоохранительной деятельности» и приказом Министра внутренних дел присваивается специальное звание «**лейтенант полиции**».

На учебу в ВУЗ МВД РК принимаются граждане Республики Казахстан отвечающие требованиям сотрудников ОВД, не старше 35 лет, достигшие 16 летнего возраста, имеющие общее среднее или средне специальное образование, юноши, имеющие рост не ниже 170 см, девушки – не ниже 160 см.

Акцентировать особое внимание на правильный выбор профильных предметов по экзаменам (ЕНТ)

- ***всемирная история***
- человек, общество, право

Для участия в конкурсе необходимо набрать 50 баллов, в т.ч. не менее 5 баллов по каждому предмету

Прием документов и собеседование с кандидатами осуществляется ежедневно с 10:00 до 17:00 часов заместителем начальника ОП Уилского района по кадровой политеке майором полиции Даулетова Асхата Алтаевича кабинет №21, тел: 2-10-26, сот: 8 705-382-08-00.

При себе иметь удостоверение личности, юношам -обязательно приписное свидетельство с военкомата с записью «годен к воинской службе» или « годен с незначительными ограничениями».

Жамбыл мектеп – балабақшасының ұжымы Жамбыл мектеп – балабақшасында қызмет ететін Әбілғазиндер әулетіне аяулы әкесі
Майлықтың
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Жамбыл мектеп – балабақшасының ұжымы Жамбыл мектеп – балабақшасында қызмет еткен
Ермашева Шолпанның
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын, туыс - бауырларына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1601 дана. Тапсырыс №1613
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

Мерекелік сұхбат

«БАСТЫ МАҚСАТ – АУДАНДЫ ЭЛЕКТР ҚУАТЫМЕН ТҰРАҚТЫ ҚАМТУ»

ҚАЗІР ӨМІРІМІЗДІҢ ҚАЙ САЛАСЫНДА ДА ЭЛЕКТР ҚУАТЫНА ТӘУЕЛДІ ЕМЕС ЖҮЙЕ ЖОҚ. ТҰРМЫСТА ТҰТЫНАТЫН ЖАБДЫҚТАРДЫ АЙТПАҒАНДА, ҮЙІҢЕ КЕЛІП ТҰРҒАН СУ МЕН ГАЗДЫ ЖЕТКІЗУ ҮШІН ДЕ ЭЛЕКТР ҚУАТЫ КЕРЕК. СОНДЫҚТАН ДА, АУДАНДАҒЫ ЖЫЛ МЕН ТӘУЛІКТІҢ КЕЗ-КЕЛГЕН УАҚЫТЫНДА ЖҰМЫС ЫРҒАҒЫ ЖАҢЫЛМАҒАН МЕКЕМЕ – ЭЛЕКТР ҚУАТЫН ЖЕТКІЗУШІ КӘСІПОРЫН. АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫН ЭЛЕКТР ҚУАТЫМЕН ҚАМТУ – «ЭНЕРГОСИСТЕМА» ЖШС-НІҢ ЕНШІСІНДЕ.

САЛАНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛІ ҮШІН ЖЕЛТОҚСАННЫҢ СОҢҒЫ ОНКҮНДІГІ КӘСІБИ МЕРЕКЕЛЕРІМЕН БАСТАЛАДЫ. ОСЫ МЕРЕКЕ КҮНІ «ЭНЕРГОСИСТЕМА» ЖШС-І ОЙЫЛ ЭЛЕКТР ЖҮЙЕЛЕРІ БӨЛІМШЕСІНІҢ БАСТЫҒЫ СЕРІК ҚАРТБАЕВПЕН СҰХБАТТАСҚАН ЕДІК.

- Серік Сағынұлы, кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын!

- Рақмет! Бірақ, біздің сала үшін ырғалып-жырғалып жүріп мерекелеуге мүмкіндік жоқ. Оның үстіне биылғы карантин шаралары тағы бар. Ал, біздің басты мақсатымыз – ауданды электр қуатымен тұрақты қамту.

- Кәсіби мереке болған соң, тарту-таралғысыз болмайтыны рас...

- Биылғы кәсіби мерекеміздің басты жаңалығы – байырғы жұмысшымыз, электромонтер Ерболат Қонаев ел Президентінің Жарлығымен үшінші дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен марапатталды. Сонымен қатар, осы салада табан аудармастан 15 жыл еңбек еткен Асылбек Аймұқатов, Аманжол Жиенбеков, Тимур Сапарғалиевтар мен еңбек өтілі 20 жылға толған Емберген Жаңабековтер сала ардагері атанып, мерекелік сыйақыға ие болды. Сонымен қатар, мекемеге авариялық қызмет көрсететін арнаулы УАЗ автокөлігі берілді.

- Енді санаулы күндерден кейін 2020-сыншы жылды да тарихтың еншісіне тапсырамыз. Желтоқсан айы аязы мен жылымығы араласып, сан құбылып тұр. Сондықтан, биылғы қысты аудан тұрғындарының алаңсыз өткізуі үшін кәсіпорынның маңызды маусымға дайындығы қандай?

- Жаз айында жүргізілетін ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстары аудандағы барлық желіні және арнаулы құрылғыларды зерделеу арқылы жыл басында бекітілді. Мәселен, биыл 22 шақырымнан астам электр желісін ауыстыруды көздесек, бұл жұмысты жазда толық аяқтадық. Сондай-ақ, Ойыл селосына бір жаңа трансформатор қойылса, екеуіне күрделі жөндеу жүргізілді. Яғни, ауданды қыс кезінде электр қуатымен үздіксіз қамтуға толық мүмкіндігіміз бар.

- Әңгімеңізге рақмет! Тағы да мереке құтты болсын!

Сұхбаттасқан С.ХАМЗИН.

Жапан дала - Желтоқсан

«Шағырма жұлдыз - шарпы аяз,
Мұңды келін - мұзды аяқ,
Күннің несін сұрайсыз?.. - депті – мыс,
Ертеде бір мұңды келін,
Күн райын сұраған атасына.
Жыр жазғанмен жабыла, бірі бармай
Жетім қылды ақындар қырын, Алла - ай!
Жапан дала... Жар асты - жалғыз қыстау,
Желтоқсанның және де түні қандай!
Сынық айды саусаққа сақина ғып,
Сәукелелі шың сыңсыр бақи ғаріп.
Азу тісін көк тасқа жанып алып,
Көзі ақшиып аяз тұр ақиланып.
Үйіріліп Үркер тұр тас төбеде,
Жыбырлаған ұқсайды таскенеге.
Жиырылып жырақта «жеті бүйі»,
Жолығудан қашардай - аш бөлеге.
Аяз қауып,
Жанбасын жара жауып,
Ыққа қарай үш арқар барады ауып.
Азу ілген,
Әр жерін жұлдыз жыртқан,
Түн шапаны қамсаусыз қара мауыт.
Қара мауыт шапанды ақ келіншек,
Отырды үйде назары маған ауып.
Сап, сап, көңіл!
Сабыр ет, дабырлама!
Түнгі құлақ ілулі қабырғада.
Мұңды келін ас құйып мұзды аяққа,
Ұза-а-қ қарап қалыпты -
Шағырмаға.
Жел тығылды кетекке шамалы үріп,
Бөрі құлақ - көрінді қара бұлт.
Тұяқтарын қан шылап қалың
жұлдыз,
Үркіп кеткен отардай барады ығып.
Топсасы жоқ тоғандай қотан қора,
Бұзып кеткен сыңайлы топан мана.
... Шопан бала! Келінге қоқаңдама,
Ығып кеткен ие бол отарға, ана.
Атқа мініп азынап бақанды ала,
Түнге сіңіп жоғалды қопал қара.
Үйге кірдім,
Тәтті елес от айнала...
Мұңды келін...
Және мен...
Жапан дала...

Светқали НҰРЖАН

Алғыс

Ойыл аудандық орталық ауруханаың бас дәрігері Нұрбаев Сәндібек Мұханбетжан-ұлына, хирургиялық бөлімшесінің барлық медицина қызметкерлеріне, өзіме операция жасаған Ақтөбе облысынан келген бас дәрігер хирург Сүйіндеков Талғат Сағынғали-ұлына, кез келген уакытта көмекке келе алатын хирург дәрігерлер Көптілеу Бағдат Нұрдаулетұлы мен Салин Дәулет Мақаш-ұлына, Қаныш Атағалиевқа, анестезиолог Идиятов Амантай Тілекбайұлына алғысым мен ризашылығымды білдіремін.

Бір күнде екі операция жасатып, дертімнен аман қалдым. Бірақ бір айтарым, ұзақ уақыт бойы операция жасатуға шешім қабылдай алмай жүрдім. Қолы жеңіл дәрігерлердің бәрі жақсы болады деп сендіргендеріне және моральдық қолдауларының арқасында келістім. Ұйқысыз өткен күндерім артта қалды. Олар өз жұмыстарын тек кәсіби жасап қоймай ауыр науқасатарды құтқаруда жанын салады. Ақ халатты жандардың аялы алақанының жылуын сезіндім.

Еңбектеріңіз жемісті болсын! Жанұялары-ңызға баянды бақыт тілеймін!

Ойыл селосының тұрғыны,
Мәншүк ТЕЛЕУОВА.

« Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының сайлау қорына түскен қаражаттың жұмсалуы туралы Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЫ

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Ақтөбе облыстық филиалының 07.12.2020 жылғы №23-01-12662 санды және 14.12.2020 жылғы №23-01/13019 санды хаттарына сәйкес **2020 жылдың 13 желтоқсанына** «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының сайлау қорына түскен 7 000 000 (жеті миллион) теңге қаражаттың 5 845 511,13 (бес миллион сегіз жүз қырық бес мың бес жүз он бір теңге 11 тиын) теңгесі үгіт науқанына жұмсалғанын хабарлайды.

СООБЩЕНИЕ
Уилской районной территориальной избирательной комиссии об израсходовании средств поступивших на избирательный фонд Уилского районного филиала партии «Nur Otan»

Уилская районная территориапльная избирательная комиссия согласно письма Актюбинского областного филиала АО « Народный Банк Казахстана» №23-01-12662 от 07.12.2020 года и №23-01-13019 от 14.12.2020 года сообщает что, из поступивших на избирательный фонд Уилского районного филиала партии «Nur Otan» поступило 7 000 000 (семь миллионов) тенге на **13.12.2020 года** на агитационную кампанию израсходовано 5 845 511,13 (пять миллионов восемьсот сорок пять тысяч пятьсот одиннадцать тенге 13 тиынов) тенге.

Газетке жазылу - 2021

Аудандық “Ойыл” газетіне “Қазпочта АҚ” арқылы 2021 жылдың І жарты жылдығына жазылу жүріп жатыр

Индекс	Жазылушылар санаты	6 ай
65525	Жеке тұлғаларға	2834,86
66525	Заңды тұлғаларға	4514,86
67525	Жеңілдікпен жазылатындарға (Барлық зейнеткерлерге)	2354,86

Байланыс телефондары: 2-19-02, 2-11-07 (Редакция)
2-19-98 (Қазпочта АҚ)

ЖЕЛТОҚСАН КӨШЕСІНДЕ ЖАҢА ДҮКЕН

Ойыл селосында жыл сайын тұрғын үй құрылысы қарқын алып келеді. Әсіресе, селоның күн батыс жағында сәулеті жарасқан үйлер көп. Бір қуантарлығы, қаладан еш кем емес тұрғын үй салып жатқандардың дені жастар. Мемлекет тарапынан ауыз су мен газ құбыры, электр желісі тартылғанымен, тек тұрғындарға қызмет көрсету саласы кешеуілдеп жатыр. Осындай олқылықты ескерген, жеке кәсіпкер Жеңіс Займолдин өзінің «Дәулет» дүкенін жаңа құрылыс жаққа, яғни Желтоқсан көшесіне көшірді.

Мереке күні дүкеннің есігін айқара ашып, тұтынушыларына қызмет көрсете бастады. Кәсіпкер мен тұтынушылардың қуанышына ортақтасқан аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев Жеңіс Ғағизұлының жұмысына табыс тілесе, анасы Қатима апай да «жақсыны көрмекке...» жиналған жұртшылықты мерекемен құттықтады. Жаңа ғимаратқа қоныс аударған дүкеннің лентасын қиған көршісі Сәуірбай Ұлықпанов бастаған ағалар дәмнен ауыз тиіп, кәсіпкердің жұмысына сәттілік тіледі.

Енді жаңа үйлердің тұрғындары сәл нәрсеге бола орталыққа сабылмайды. Өйткені, дүкенде азық-түліктен бастап күнделікті тұрмыста қажеттің бәрі бар.

«ҒҰН-САРМАТ КЕЗЕҢІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ АРХИТЕКТОНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КЕҢІСТІКТІ САРАПТАМАСЫ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ ЖҰМЫСЫ

ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ТОБЫНЫҢ БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ КӨБІ ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ЖӘНЕ КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ АУМАҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛДІ. АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ ЖҰМЫСЫНЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ ОЙЫЛ ӨЗЕНІНІҢ СОЛ ЖАҒАЛАУЫНДАҒЫ САМБАЙ-І, ШӨПТІКӨЛ-І ЖӘНЕ ІІ, АҚШАТАУ-ІІ ЖӘНЕ IV, КӨПТОҒАЙ-І-IV ЖӘНЕ Т.Б ЕСКЕРТКІШТЕР ЗЕРТТЕЛДІ. ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ ДЕНІ СУДАН ЖОҒАРЫ ЖЕРДЕ ОРНАЛАСҚАН ЖӘНЕ ТОПЫРАҚТАН ҮЙІЛГЕН ЖЕРЛЕУ ЖӘНЕ ҒҰРЫПТЫҚ НЫСАНДАРЫНЫҢ ІРІ КЕШЕНІНЕН ТҰРАДЫ.

Жұмыс мақсаты — б.з II-IV ғ. ғ. жерлеу-ғұрыптық кешендерін анықтау және тіркеу, осы кезең ескерткіштерінің шоғырлануы басым микроаудандарын анықтау. Қорымдар қорғандардан, гантель тәріздес және төртбұрышты құрылыстардан, т.б. тұрады. Қорымдардың көбі өзенді жағалай созыла орналасқан, нысандар шынжырлы реттілікті құрайды.

Аудандағы ескерткіштерді картографиялық зерттеу барысында олардың Ойыл өзені мен салаларына байланысты екені анықталды. Аумақ картасындағы ғұн-сармат кезеңінің ескерткіштері төрт топты құрайды. Негізгі ірі тобы Ақшатау, Көсембай және Қоңырат (Ойыл өзені) ауылдары аумағында орналасқан. Екінші тобы Шиқұдық ауылы маңындағы Қиыл өзенінің оң жақ бөлігін құрайды. Үшінші тобы Ойыл ауданының солтүстік бөлігінде, Жақсыбай өзені салалары мен сайларды бойлай топтасқан. Төртінші топтағы ескерткіштер биыл зерттелді және Ойыл ауданының батыс бөлігінде орналасқан.

Ойыл ауданының ескерткіштері Қазақстанның орталық аймағынан басталып, солтүстік-батысты бағыттай Орал өзеніне және батысқа қарай созылған ғұн-сармат кезеңі ескерткіштерінің жалғасы болып табылады. Бір қызығы, облысымыздың солтүстік және оңтүстік аудандарында бұл ескерткіштердің саны азайып және қорғандар жеке өз алдына топтарды құрамайды. Қазіргі уақытта Ақтөбе облысында б.з II-IV ғ. ғ. жататын ескерткіштер шоғырланған бірнеше микроаудандарды белгілеуге болады.

Ғарыштық фотосуреттер және аэрофотосуреттер мен қорым нысандарына жүргізілген қазба жұмыстарынан б.з II-IV ғасырындағы Батыс Қазақстан аумағы кейінгі сарматтық аталатын өзіндік мәнге ие мәдениетті мұраға қалдырған ірі тайпалық одақтардың өмір сүрген орны екенін көрсетеді.

ҚАЗДЫАРАЛ-І ОРНЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

Ескерткіш Ойыл өзенінің сол жағалауында, Қаратал ауылынан 1,9 шақырым оңтүстік-батыс бағытында орналасқан. Жұмыстың басты мақсаты — Қаздыарал-І орнындағы апатты жерлеулерді зерттеу. Құмның қалдықты төбелерінде тас ғасыры мен ортағасырлық түрлі заттарымен

бірге табылды.

Ескерткіш алғаш рет 2012 жылы табылды. Қаратал ауылының тұрғындары аудандық музей қызметкерлеріне бұл жерде мүрде сүйектері мен археологиялық заттардың табылғанын айтып, хабар берген. Сол жылдың сәуір айында облыстық тарих, этнография және археология орталығы және Ш.Берсиев атындағы аудандық музей қызметкерлері бірігіп, аумақты қарап, табылған заттарды жинау жұмыстарын жүргізді.

Үстіміздегі жылы Қаратал ауылының тұрғындарымен табылған қосымша заттар анықталды. Соның ішінде сүйір түбі бар қыш ыдысы табылды. Осы жылдың шілде айында облыстық тарихи-өлкетану музейі қызметкерлері мен аудандық музей өкілдерімен бірігіп, аталған аумақта тағы да қосымша тексеру жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде ескерткіш орнында жаңадан археологиялық заттар және түрлі уақыттағы бейітүсті құрылыстары жоқ жерлеу орындары жер бетіне шығып, ашық күйде бұзылу қауіпі анықталды.

Биылғы жылдың қазан айында облыстық тарихи-өлкетану музейімен археологиялық экспедиция ұйымдастырылып, нәтижесінде түрлі хронологиялық шеңбердегі бірнеше жерлеу орындары зерттеліп, көтерме заттай жәдігерлер жинақталды.

Археологиялық тас олжалар түрлеріне қарап, ескерткіш орналасқан аумақтың неолит дәуірінде игерілгенін айтуға болады. Б.з.б. ІІІ мыңжылдықта ескерткіш аумағында бірінші жерлеу орындары пайда болған. Оған солтүстік-батыс бөлігіндегі тазартылған жұптық жерлеу орны жатады. Жерленген сүйек шалқасынан, аяқтарын бүгіп, бастары солтүстік-шығысқа бағытталып жатыр. Қаңқа жанында мүйізді ұсақ мал сүйектері табылды.

Қаздыарал-І орнындағы б.з.б ІІ мыңжылдыққа тән белгілі бір орналасу заңдылығы бар. Құмды алаңның орталық бөлігінде қола дәуірінің басты жерлеу орны орналасқан. Пішіні (дөңгелек, төртбұрышты) мен бағытталуы әртүрлі. Өкіністісі, табиғи бұзылу мен қарақшылық тонау әсерінен археологиялық олжалар аз, бірнеше сүйектер мен қыш ыдыстар қалдықтары ғана табылды. Солтүстік-батыс бөлікте сол уақыттың тағы бір жерлеу орны табылды. Қаңқа сүйектері сақталмаған. Жерленген сүйек маңында қола пышақ, шекеліктер, қыш ыдыс қалдығы мен моншақ бар.

Ерте темір мен орта ғасырларға жататын жерлеу орындары солтүстік-шығыс бөлікте анықталған. Бұл кезеңнің бейіттері құмды топырақта немесе қабір шұңқырында болған. Заттары алуан түрлі: қола және темір жебе ұштары, ыдыс немесе оның қалдықтары, шекелік әшекейлер, т.б.

Аслан МАМЕДОВ,
облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері, археолог.